

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайпақ...*  
АБАЙ.

ISSN 2410-6712



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**11/2019**

**ҚАРАША**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

### Тарих тағылымы

О. ЖҰБАЕВА.	Елдес Омаров – Ұлттық ттіл білімінің негізін қалаушылардың бірі.....	3
-------------	----------------------------------------------------------------------	---

### Өнегелі өмір

Д. САТЕМИРОВА.	Ғалымдығы ұстаздықпен ұштасқан.....	25
----------------	-------------------------------------	----

### Әдебиет және тарих

С. ОСПАНҰЛЫ.		
К. МЫРЗАҒАЛИЕВА.	Балғожа мен Құнанбай.....	34

### Сауаттылық сыры

С. МЕНДІБАЕВА.	Шығармашылық жұмыстың бір түрі – фанфик жазу.....	44
Г. ЖАНАЕВА.		

### Руханият

М. ӘБІЛҰЛЫ.	Жарықбас бақсы.....	52
-------------	---------------------	----

### Көкейкесті көзқарас

Ғ. ШӘРІБЖАНОВА.	Сөйлемнің әртүрлі аспект тұрғысынан зерттелуі.....	57
-----------------	----------------------------------------------------	----

### Ұстаз ұсынысы

А.Т. КОКЕТАЕВА.	Оқушылардың өзін-өзі реттеуінде әлеуметтік ортаның ықпалы.....	65
-----------------	----------------------------------------------------------------	----

### Болашақ бастауы

Қ. Қ. ШАЙХОВА.	Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы.....	69
----------------	------------------------------------	----

### Шындық пердесі

А. Н. АБИШЕВА.	Экран – ұлттың айнасы.....	72
----------------	----------------------------	----

### Ұстаз ойы

Л. К. ТАУБАЕВА.	Менің педагогикалық философиям... (эссе).....	78
-----------------	-----------------------------------------------	----

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А. Ж. ҚАЙРЛИЕВА.	Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	81
Б.С. ШАКЕНОВА.	Ұлттар достығы – басты байлығымыз.....	92
М. А. БЕКЕНОВА.	Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы.....	102

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ұ. С. БЕРДЕШОВА.	С.Торайғыров “Шәкірт ойы”.....	118
Н.Ғ.МҰҚАНҒАЛИЕВ.	“Даналық кітабының” құндылығы неде? .....	126

### Тілдер байланысы

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА.		
А.ТӨЛЕГЕНОВА.		
Г.АБДУЛЬДИНА.	Сан есімнің түрленуі.....	133

### Кітапхана тынысы

М.ЖАЛҒАСҚЫЗЫ.	Кітапхана түні.....	140
---------------	---------------------	-----

## ЕЛДЕС ОМАРОВ – ҰЛТТЫҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ БІРІ

**Аңдатпа:** Мақалада Е. Омаровтың еңбек жолы, қазақ тіл білімінің қалыптасуына қосқан үлесі айтылған.

**Түйін сөздер:** Елдес Омаров, қазақ тіл білімінің қалыптасуы, емле мәселесі.

**Summary:** The article deals with Y. Omarov's work, his contribution to the formation of Kazakh linguistics.

**Key words:** Yeldes Omarov, formation of Kazakh linguistics, spelling problems.

XX басырдың басы қазақ тарихында рухани ояну дәуірі болғаны белгілі. Ұлттың өзіндік белгісін сақтап қалатын негізгі қасиеттерінің бірі – **тіл екенін** терең түсінген қазақ зиялылары өз беттерінше білімін жетілдіре отырып, қазақ тілі бойынша оқулықтар жазған, баспасөз бетінде түрлі пікірталастар ұйымдастырып отырған. Ұлттық тіл білімінің қалыптасып, дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың бірі – Елдес Омаров. Дарынды ғалым, педагог, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері Елдес Омаров 1892 жылы Қостанай өңірінің Тобыл болысында, қазіргі Таран ауданына қарасты Қожай ауылында дүниеге келген. Елдес Омарұлының мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым Ақылбек Шаяхмет

«Елім деп өткен Елдес» атты кітабында Елдестің әкесі – Омар ерте хат таныған, ауылдағы сауатты кісілердің бірі болғанын, Елдес Омаров әуелі Ыбырай Алтынсарин ашқан Қостанайдағы екі жылдық қазақ-орыс мектебінде білім алып, кейін Орынбордағы мұғалімдер институтын үздік бітіргенін айтады. Болашақ ғалым Қостанайдағы 2 кластық орыс-қазақ училищесін, Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. Ақпан төңкерісіне дейін мұғалімдік еткен, округтік сотта тәржімашы болған, Алашорда үкіметін құруға атсалысқан, «Алаш» партиясының мүшесі, «Алашорданың» оқу комиссиясының мүшесі болған. 1926-29 жылдары Ташкенттегі пед. институтта, Орта Азия университетінің шығыс тілдер факультетінде оқытушы болып қызмет еткен. 1934-35 жылдары Қазақ мемлекеттік медицина университетінде қазақ тілінен сабақ берген, студенттерге арнап «Қазақ тілі» оқулықтарын жазған. 1935-37 жылдары ҚазМУ-да қазақ тілі кафедрасының доценті болып қызмет еткен. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикаларын жазған.

Елдес Омарұлының қызмет еткен жылдары Қазақстандағы қым-қуыт оқиғалармен, өзгерістермен тұспа-тұс келді. Қазақ елі дербестік алып, Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік республикасы болып құрылған соң, қазақ халқының рухани дамуына біршама жол ашылды. 1923 жылы 22 қарашада тіл туралы декрет қабылданып, онда қазақ тілі орыс тілімен қатар мемлекеттік дәрежеге ие болды. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда қазақ тілінде де іс қағаздарын жүргізу қолға алына бастады. Қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметі артты. Соған байланысты қазақ тілінде оқулықтар шығару; мектептерді қазақ тілінде

жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету; қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдерді дайындау; орыс мектептерінде қазақ тілін міндетті пән ретінде оқыту сияқты шаралар жүзеге асырыла бастады [1]. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, қазақ халқының әлеуметтік-мәдени дамуы, қоғамдағы өзгерістер жаңа оқулықтар мен тың бағдарламаларды керек етті. Ғалымның еңбектері осындай кезде дүниеге келді.

Елдес Омаров – қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, емле, терминжасам т.с.с. мәселелерге ерекше көңіл аударып, өзінше ой түйіндеген. Ғалымның ой-тұжырымдары «Тіл заңын бұзбау керек», «Қазақ тілінің дыбыстары», «Емле өзгертуге арналған жоба», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі», «Қазақша жазу жайы», «Айнымалы дыбыстардың жазу ережесі», «О сочетании звуков казахского языка» т.с.с. мақалаларында, «Қазақ тілі» оқулығында, 1924 жылғы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының бірінші съезінде, 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық конференцияда, 1927 жылы Ташкентте әліпби мәселелесіне байланысты айтыста, 1929 жылы Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөздерінде т.с.с. көрініс тапқан.

Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңде қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін сөз еткен зерттеушілер А.Байтұрсынұлы еңбектеріне сүйенген. Елдес Омаров **«Қазақ тілінің дыбыстары»** деген мақаласында *көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығатын дыбысты дауыс, тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығатын дыбысты жай дыбыс деп атай*

*отырып, дыбыстардың топтастырылуын: «Қазақша дыбыстардың әрқайсысын осылай, ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай тексерсек: 1). біздің дауысты дыбыстарымыздың бәрінде де жай дыбыстан да дауыс көп болады; жарты дауысты мен ұяң дыбыстарда дауыс та болады, жай дыбыс та болады, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда, дауыс аз болады да, басқа дыбыстардан дауысы артық болады», – деп түсіндіреді [2].*

Елдес Омаров ұстазының ойларын сол күйінде қайталамай, сан қырынан қарастырып, толықтырып отырған. Ғалым қазақ тілінің табиғатын, дыбыстық жүйесін сезініп қана қоймаған, тілдегі дыбыстарды жан-жақты тексеріп, түрлі аппараттарды қолданған. «Қазақ тілінің дыбыстары» деген мақаласында Елдес Омаров «Ташкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинетінде дыбыстарды дыбыс жүйесін ілімдік жолымен тексеру үшін дыбыстың шығатын жолын, құрамындағы дауысы мен жай дыбысының арақатынасын анықтау үшін әр дыбысты өз алдына понагыраппен тексеріп жатқанын» айтады [3].

XX ғасырдың басында баспасөз беттерінде қазақ зиялылары тіл білімінің бірқатар келелі мәселелері бойынша сөз таластырып, айтыстар ұйымдастырып отырған. Бұл орайда Е.Омаровтың мақалаларына А.Байтұрсынұлының пікірлері («Қазағыстан мен Қазақстан туралы», «Дыбыстарды жіктеу туралы» т.т.) жарық көрген, сол сияқты Ж.Аймауытұлы мен Е.Омаров «Еңбекші қазақ» газетінің бірнеше санында фонетика, емле мәселелеріне байланысты айтысады. Бұл айтыстарда саясат ықпалы немесе жеке басқа тиісу сияқтылар байқалмайды, таза ғылыми айтыс.

*Ғалымның тұжырымдарынан бүгінгі таңда да*

**мән беру қажет, ескеретін тұстар баршылық.** Мәселен, «Емле мәселесі» атты мақаласында ғалым: «Жалғау, жұрнақтарды жеке сөз емес деп, түбір сөзге қосып жазамыз. Демеу, жалғаулық, қосалқы, одағай сықылды сөздерді жалғау да емес, жұрнақ та емес деп, алдындағы сөзден бөлек жазамыз. Сондықтан жалғау не, жұрнақ не, жалғаулық, демеу дегендер не? – соны ашып алмай болмайды. Жалғау, жұрнақтарды да, одағай, демеуге ұсаған бөлек сөздерді де септеу мен жіктеуге қарап сынауға болады. Түрік тілдерінің бәрінде де сөз-сөздің ең арты септеу болып йә жіктеу болыптын ды . Септелген, жіктелген сөзге сол септеудің, жіктеудің үстіне жаңадан жалғауға болмайды. Бірақ бұған жатыс жалғау келмейді. Жатыс жалғаулы сөзді жіктеуге болады. «Қалада», «үйде» дегендегі «де» -лер жатыс жалғау, бірақ сол сөздерді жіктеп «мен қаладамын», «сендер үйдесіңдер» деуге болады. Жатыс жалғаулы сөзге жұрнақ қосып, өзін атау күйге шығаруға болады да, сосын оны жаңадан септеуге де болады, жіктеуге де болады, тәуелдеуге де болады. «Қалада» деген сөзге «ғы» жұрнағын қосып, «қаладағы» деп алған соң, оның үстіне басқа түрлі жалғау, жұрнақтарды да қоса беруге болады. Сондықтан бөлек сөздерді де, жалғау, жұрнақтарды да септеу мен жіктеуге қарап сынаймыз дегенде, септеудің ішінен жатыс жалғауды айырып алу керек», – дейді [4]. Жатыс септігінің бұл ерекшелігі бүгінгі таңда көп айтыла бермейді. Бұл – мектеп оқулықтарынан бастап ғылыми грамматикаларда да ескеретін тұстардың бірі саналады.

Сол сияқты «ый» мен «ыу» -ды ықшамдаймын деуде де мағына болмайды. «Құйын», «түйін», «сояды», «күйеді», «түйеді» сықылды сөздерді осылай жазатын

болған соң «қыйын», «тыйын», «сыйады», «кійеді», «тійеді» деген сөздерді басқаша қылып жазамыз деген бастауыш мектептегі бала түгіл, үлкен кісінің де ақылы жетпейтін бір керемет болады. «Қыйын», «тійеді» деп жазатын болған соң «қый», «тый» сықылды сөздерді басқа бір жолға салып жазамын дедудің де қажеті шамалы болар. «Шұбат», «сұрат» сықылды сөздерді естілуінше жазсақ, «жуат», «суат» сықылды сөздерді осылай жазбай, амал жоқ. Сонсын «жұу», «сұу» сықылды сөздерді бұзып жазғаннан да жеңілдік шықпайды» деген тұжырымдарына бүгінгі таңда емле ережесін, орфографиялық сөздіктерді құрастырушылар мән беруі қажет.

Е.Омаров «Қазақша жазу жайы», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі» т.б. мақалаларында және конференцияда сөйлеген сөздерінде **ы, ұ дыбыстары** естілген жерінде қалдырылмай жазылу керектігін дәлелдейді. Осындай көзқарасты Қ.Кемеңгерұлы («Жауропалықтар үшін оқу құралы», конференциядағы сөздерінде т.б.); Есенғали («Емле жайындағы пікірлер») да қуаттайды. А.Байтұрсынұлы мен Е.Омаров бітеу буында **ы (і), ұ (ү) дыбыстарының** бар-жоқтығын айыру үшін «артықша сезгіштіктің керегі жоқ, қазақ құлағы болуы керектігін» айта келіп, кейбір сөздердің мағынасын ажыратуда бұл дыбыстардың әсері бар екенін: *жарқ етті – ай жарық; тұрс (тарс-тұрс) – тұрыс (отырыс-тұрыс); бүлк (бүлк ету) – бүлік (бүлік шығару), жорт (аттың жортуы) – жорыт (түсті жорыту)* сияқты мысалдарды келтіре отырып дәлелдейді. Бітеу буында **ы (і), ұ (ү) дыбыстарын** таңбаламайтын болсақ, мұндай мағыналары екі түрлі сөздерді ажырату қиынға түсетінін айтады. Сондықтан **А.Байтұрсынұлы, Е.Омаровтар естілген жерінде**



ы (і), ұ (ү) жазып, естілмеген жерінде жазбау керектігін ескертеді. Ал енді «әркімнің құлағы әр түрлі естіген немесе солай естіледі деп ұғып, әдеттеніп қалған жағдайда, өлең өлшемімен ашылуы керектігін» айтады.

1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференциядағы «Если же мы будем перенимать, скажем, русские слова с их грамматическими формами, – такая перспектива угрожает и нам, – чтобы знать казахский язык, необходимо будет знать все тонкости грамматики русского языка. А так как все культурные языки, в том числе и русский, являются флективными, и звуковой состав слова содержит в себе не только звуки, но и морфологические принадлежности, – то перенимать основы иностранных слов без изменения звуков равносильно перенятию грамматических форм языка-источника... Затем в отношении сочетания согласных в начале слова. Нужно формулировать более широкое правило о невозможности сочетания двух согласных в одном слоге вообще. Здесь мы знаем некоторые исключения, а исключения можно формулировать точно: сочетание двух согласных в одном слоге бывает только в таком порядке: сначала гласный, потом сонорный и потом глухой, например, «құрт», «кент», «қаңқ», а во всех остальных случаях наблюдается несовместимость согласных в одном слоге. Вот такая формулировка обобщила бы много пунктов тезисов по вопросу об орфографии» деген тұжырымдары [5] бүгінгі таңда да өте өзекті болып отыр.

XX ғасырдың басында, қазіргі кезде де қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе (принцип) таңдау, емле мәселесі қызу талас тудырды. Осыған

байланысты басылым беттерінде көптеген мақалалар жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлы «Емле туралы», Т.Шонанов «Шет сөздерінің емлесі жайында», А.Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы», Б.Шопанзада «Қазақ тілі емлесінің ірге кезендері», Е.Омаров «Емле мәселесі», Ж.Аймауытұлы «Емле, әріп жайында» т.с.с. мақалаларды жатқызуға болады. Бұл мәселе Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сійезінде де талас тудырады.

Қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш сійезі 1924 жылдың 12-18 маусымында Орынбор қаласында өтеді. Сійезге Мәскеудегі күн шығыстық баспасөз мекемесінен Бөкейханұлы Әлихан, Төреқұлұлы Нәзір, Бұқар қазағынан Наурызбайұлы Мырза, Түркістан қазақ-қырғызынан Досмұғамбетұлы Қалел, Арабайұлы Ишанғали; Орынбордағы қазақ институтынан Мырзаұлы Мұқтар, Қазақстан оқу комиссаритынан Омар ұлы Елдес, Байтұрсынұлы Ақымет, Зәліұлы Нұғыман, Жолдыбайұлы Молдағали, Ералыұлы Нұртаза т.б. қатысады. Тұңғыш сійезде жазу, әліпби, термин (пән сөзі) мәселелері, білім, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шаралары туралы сөз болады.

Сійездегі жазу ережелеріне арналған бірінші баяндаманы Елдес Омарұлы жасаған. Бұл баяндама бірнеше күн талқыланады. Талқылауға Ахмет Байтұрсынұлы, Нәзір Төреқұлұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхаметұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы, Манан Тұрғанбайұлы, Мұхтар Саматұлы, Ишанғали Арабайұлы, Молдағали Жолдыбайұлы, Николай Бутовскийлер қатысады.

Қазақ емлесі қандай негізге (принципке) сүйенуі керектігі туралы сөз болғанда, Елдес Омаров:

*«Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де, – дыбыс жүйесінше болуы керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек. Біздің ұстаган негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс», – деп тұжырымдайды. Қазіргі кезде зерттеушілер арасында «XX ғасырдың басында алаш зиялылары фонетикалық принципке ғана сүйенген» деген біржақты пікір қалыптасқан. Алайда **«Емле мәселесі» атты мақаласында** ғалым бұл ойын былайша тарқатады: *«Қазақша жазудың жүйесі дыбыс жүйесінше дейміз. Бірақ таза дыбыс жүйесінше болып шығатын емле ешбір тілде де болған емес. Ондай емленің болуы мүмкін де емес. Біз өз емлемізді дыбыс жүйесінше дегенде, оны басқа тілдердің емлесімен салыстырып, басқа емлелерге қарағанда, дыбыс жүйесінің жолына анағұрлым жуық болған соң сонымен ғана дыбыс жүйесінше дейміз» [4].**

**«Емле туралы»** деген мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы: **«Емле негізі 4 түрлі:**

- 1). таңба жүйелі (негізі ынтымақ);*
- 2). тарих жүйелі (негізі дағды);*
- 3). туыс жүйелі (негізі тегіне қарау);*
- 4). дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарау)», – дей келіп, – Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдің ілім-білімі жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жерлеріне қарамай, көпшілігіне қарап, «дыбыс жүйелі» деп атап келдік, – деп жазады [2].*

Екі ғалымның да ұстанымы – емлені бірыңғай дыбыс

жүйелі немесе туыс жүйелі етіп алуға болмайды. Ол мүмкін де емес. ХХ ғасырдың басындағы ғалымдардың ұстанымдарын А.Байтұрсынұлының төмендегі сөздері дәйектейді: *«Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуде мағына бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуде мағына да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін. Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшең» дегенді «сөшішең» деп, «ішілер», «ісішілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішішілер» деп, «кигізсе» дегенді «кигісссе» деп, «кигізше» дегенді «кигішіше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола алар ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?». Сондықтан ХХ ғасырдың басында негізге алынған принциптер туралы сөз еткен кезде ғалымдардың осы ой-тұжырымдарына сүйенуіміз керек.*

Қазақ оқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі ұстаным болған. Сійездегі сөзінде де, *«Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төрекұлов* түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да

бибауырмал дегеннің орнына интернационал, тарих сөзінің орнына история, тарихшы сөзінің орнына историк деп қолдану керектігін айтады. Сонымен қатар **М.Қайыпназарұлы** да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «*өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?*» – дейді. Ол кезде араб-парсы тілдерін білетін бірқатар оқығандар ол тілдерден енген сөздерді түпнұсқаға сәйкес һауа, һешкім, һәркім, һәрдайым т.с.с. түрде алу керектігін айтқан. **Ал ұлттың болашағын ойлаған, тіліміздің заңдылығын тани білген Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы: «Сәбитке жауап» деген мақаласында:** «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [6]. Бұл орайда Елдес Омарұлы А.Байтұрсынұлдарының ұстанымдарын басшылыққа алып: «Тілдің заңы өзгеріп, тіл бұзылып, ғылым тілі жалпы елдің тілінен басқаланып кетсе, ғылым жалпы жұрттың қолы жетпейтін дарияның ар жағындағы бірдеме болып шықпақшы. Сондықтан тілдің заңын бұзбау керек. Тілді қолдан келгенше таза сақтап бағу керек. Тілдің

*өзінде бар дыбыстарды жоғалтпау керек. Өзінде жоқ дыбыстармен тілді былғамау да керек. Ғылымға керек пән сөздерді өнерлі елдің тілінен алып кіргізе беруге болады. Бірақ ол жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, таза қазақ сөзіне ұқсатып, жат дыбыстардан шығарып, орнына қазақ дыбыстарын қондырып, қазақ тілінің негізгі заңдарына үйлестіріп, тізіп алу керек», – дейді.*

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшаландыратын комиссия құрылып, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

*а). жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;*

*ә). оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;*

*б). түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [7].*

Елдес Омарұлы жат сөздердің баламасын қазақ тілінен табуға тырысқан. Оған ғалымның мына сөздері дәлел бола алады: «Түбір сөздің дыбысы кейде жалғас дыбыстың ықпалымен өзгереді. Дыбыстың былай өзгергенін тіл білімі екі түрлі заңға келтіріп, бір дыбыс жанындағы дыбысқа ұсап өзгертін болса, оны ымырашылдық (**ассимиляция**) дейді де, жанындағы дыбыстан басқаланып, оған ұсамай өзгертін болса, оны ымырасыздық (**диссимиляция**) дейді. Дыбыстың былай өзгеруі қопармалыққа (**флекция**) мүлде жанаспайды». Шағын үзіндіден-ақ Елдес Омарұлының ассимиляция сөзінің баламасы ретінде ымырашылдық, диссимиляция сөзіне балама ретінде ымырасыздық, флекция сөзінің баламасы ретінде қопармалық сияқты атауларды ұсынғанын көреміз.

Қазақ білімпаздарының сійезінде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздер» деген тақырыпта баяндама жасап, шеттен енген сөздерді қалай икемдеу керектігін айтып, **қазақ тіліне тән 9 заңдылықты көрсетеді:**

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, – сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң: бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабыиат» – «әдебіет»).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Тіліміздің ымырасыниша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң: бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек.

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, – «қ», «к», «т» болады. «Ғ», «г», «д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек.

5. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (мәселе – мәселе, мұмін – момын).

6. Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара – Самар, Пуховый – Бокебай).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек те, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек («Макка» – Мекке», «Алла» – «Алда»).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарын шығарып тастап орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгеретін болуға тиіс [8].

Е.Омаров жұрнақтарды мағынасына қарай тұрлаулы (-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш) және тұрлаусыз (-қ, -н, -ақ) деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда, негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады.

Ғалым «Физика», «Пішіндеме» т.с.с. оқулықтар жазуда ХХ ғасырдың басындағы терминжасам ұстанымдарын басшылыққа алып, сөздің түсінікті болуына ерекше мән берген. Аталған ғылым салалары бойынша қазақ тілінде жатық та түсінікті терминдер қалыптастырған. Мысалы: теорема – түйін, биссектриса – жарма, радиус – өре, хорда – керме, параллелограмм – қиықша, пропорционал – құрылымдас, фигура – пішін, трапеция – қостабан т.с.с.

Мұрағат деректеріне зер салсақ, Елдес Омаровтың



«Алгебра» оқулығын қазақ тіліне аударғанын да байқаймыз. Ғалымның «Физика», «Геометрия», «Алгебра» т.с.с. оқулықтары – бүгінгі таңда терминолог, қазақ әдеби тілін зерттеуші ғалымдарға ғана емес, осындай оқулықтар жазып жүрген мамандарға да термин алу, физикалық құбылыстарды ұлттық дүниетаным тұрғысынан сипаттау, қазақ балаларына түсінікті етіп баяндау тұрғысынан да өте құнды дүние.

Кезінде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бұл оқулықтарды өте жоғары бағалаған [9]. Сонымен қатар Елдес Омарұлының еңбегі М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанұлы, С.Сейфуллин, М.Бұралқыұлы, А.Байтасов т.с.с. ғалымдар тарапынан да жоғары бағаланған. Ұстанымы бөлек болғанмен, Сәкен Сейфуллин Елдес Омарұлын «Ахмет Байтұрсыновтан қай жағынан болса да кем емес» деп көрсетеді.

Елдес Омарұлы тіл білімінің түрлі салаларына еркін бойлап, тіліміздің заңдылықтарын дұрыс таба білген. А.Байтұрсынұлымен бірлесіп, **«Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер» құрастырған** [10]. Жоғарыда айтқанымыздай, 1924жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде баяндама жасаған. Осы сійезде жазу ережелерінің талас тудырған мәселелерін жете тексеріп, дұрыс шешу үшін құрылған комиссияның құрамында Халел Досмұхаметұлы, Телжан Шонанұлы, Мұхтар Мырзаұлы т.с.с. зиялылармен қатар Елдес Омарұлы да болған. 1926 жылы Бакуде өткен Түрікшілдер құрылтайында резолюция дайындайтын комиссияның құрамында (Кепрюлю-заде, Нагиев, Менцель, Рахими, Саади, Омаров, Ильбек, Зейналлы, Габитов), этнографиялық комиссияның құрамында (Руденко, Месарош, Чурсин, Миллер, Мамедбеков Керим, Юнусов, Таги-заде

Абдулла, Надыр, Омаров, Хакимов Неймат, Одабаш, Бердиев, пр. Яковлев) болады.

Сонымен қатар 1929 жылы Қызылордада өткен, Е.Д.Поливанов, К. Юдахин, Э.Шмидт, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов т.б. қатысқан ғылыми-орфографиялық конференциядағы комиссияның құрамында да болады. Алайда конференцияда К.К.Юдахин бастаған бір топ қайраткерлер қазақ тілінің заңдылықтарын белшеден басып, өрескел бұзады. Қазақ тілінің заңдылықтары бұрмаланып, емле, терминология мәселелеріне байланысты қайта-қайта таласады. Оған Елдес Омарұлының мына сөздері дәйек бола алады: *«Относительно 2-й части тезисов я возражаю против орфографии иностранных терминов целиком. Считаю, что эти тезисы не разработаны и не ясно обоснованы.»*

*Прежде всего эта часть отличается от предыдущей части своей необоснованностью. Тут не указываются ни моменты морфологии казъязыка, ни фонетические свойства его, на которых базируются эти тезисы, а затем предложения ее являются огульными, административного характера, например, пункты о звуках, которых нет в казакском языке, или следующие два пункта о звуке «а» с ударениями и без ударения в конце, тоже о географических названиях. Все пункты, которые имеются в этих тезисах, именно огульны, без всякого основания, ни с чем не связаны; ни с фонетическими законами, ни с морфологическим. С таким же успехом, как об «а», можно бы говорить о звуке «о». Мы знаем иностранные слова, которые имеют в конце звук «о», что не свойственно казакскому языку.*

*...Законы сочетания согласных тоже самое не*

*учтены. Например, тезисы не дают никаких указаний о том, как писать термины, имеющие в конце два согласных, без гласной по середине, как «метр» и «литр» и проч.*

*Вот по всем этим соображениям я возражаю против тезисов вообще. Считаю эти тезисы не разработанными и предлагаю отказаться от них, потому что преподносить их, как научно разработанные, нельзя» [8].*

Ғалым қазақ тілінің заңдылықтарына сүйене отырып, ой-тұжырымдарын негіздегенмен, конференцияға қатысушылар көпшілік дауыспен ғана шешіп, құлақ аспай қояды. Сондықтан Елдес Омарұлы мен Қошке Кеменгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады. Комиссияның құрамында Қ. Кеменгерұлы болмағандықтан, оның қарсылығы ескерілмейді. Сондықтан қазақ тілінің заңдылықтары әбден бұрмаланған тұста Елдес Омарұлы ғана қарсы болып отырады. Конференцияның хаттамасында: «Товарищи Омаров и Кеменгеров, не получив одобрения своему мнению в комиссии по некоторым вопросам, т. Омаров заявил, что в таком случае он не будет участвовать в комиссии и демонстративно ушел. Вместе с ним вышел и тов. Кеменгеров», – деп келтірілген. Кейін ол үшін бірнеше рет «жауап берулеріне» тура келеді.

Кейін 1935 жылы Құдайберген Жұбанов 1929 жылғы конференцияның қате тұжырымдар қабылдағанының кесірінен «коммунист» сөзінің өзі 16 түрлі жазылып жүргенін айтқан еді [11]. Яғни Елдес Омарұлының тілдің табиғатын, заңдылықтарын терең білген ғалым, тіл жанашыры болғанын көреміз.

Елдес Омарұлы байтұрсыновтану, қошкетану,

әуезовтану ғылымдарының негізін қалады. Ахмет Байтұрсынұлы 50 жасқа толғанда Е. Омаров ғалымның еңбектерін талдап, қазақ тіл білімінің тарихындағы орнын көрсетеді. Ғалым Р.Нұрғалиев А.Байтұрсынұлы туралы мақала-еңбектер ғалымның осы мақаласын негізге алып жазылғанын айтады. Ахмет Байтұрсынұлы ақталардан 11 жыл бұрын (1977 жылы) Ғылым академиясының мінберінен **«Қазақ тіл білімінің негізін қалаған – Ахмет Байтұрсынұлы»** деген тұжырымды айтқан кезде ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздық Елдес Омарұлының, Міржақып Дулатовтардың еңбектеріне сүйенгенін айтады.

Сол сияқты Қошке Кемеңгерұлы мен Мұхтар Әуезовтың еңбектеріне баға беру арқылы Елдес Омарұлы сол ғылым салаларының қалыптасуына мұрындық болды. Архив қойнауында қатталған құжаттарда ғалымның Қ.Кемеңгерұлының «Жаурупалықтар үшін оқу құралы» атты еңбегіне берген пікірі сақталған. Онда Елдес Омарұлы екі кітаптан тұратын оқу құралын ғылыми, әдістемелік тұрғыдан талдап, өте жоғары баға береді. Сол сияқты М.Әуезовтің шығармашылығын, Абайды танып-танытудағы еңбегін жоғары бағалаған. Бұл жағынан алғанда, Елдес Омарұлының өзінің әріптестеріне, олардың шығармашылығына, ғылыми ізденістеріне сүйсініп, тілекші, шынайы дос болғанын көреміз.

Гүлнар Дулатованың естелігінде Елдес Омарұлының Міржақып Дулатовтардың отбасымен жақын араласып тұрғаны, кейін Міржақыптың қазасын естіген кезде қатты қайғырып, сабағын Ісмет Кеңесбаевқа тапсырып, кетіп қалғаны туралы айтылады [12].

1929 жылы Елдес Омарұлы Мәскеудің Бутырка түрмесінде де Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтармен бірге отырған [9].

Елдес Омарұлы өзімен пікірлес болған жолдастарына ғана емес, көзқарас-ұстанымдары түйісе бермеген қайраткерлерге де көмек қолын созып, қолдау білдірген. Елдес Омарұлы А.Байтұрсынұлының ұстанымдарын басшылыққа алып, терминжасам, емле т.б. мәселелерде ұстазының көзқарасын жақтағаны, араб жазуын жақтағаны белгілі. Ал Телжан Шонанов П.М.Мелиоранский, И. Лаптьев ұстанымдарын негізге алып, көптеген мәселе бойынша Елдес Омаровқа ашық қарсылық білдірген, латын графикасын жақтаған т.с.с.

Ақылбек Шаяхмет Елдес Омарұлының өмір жолын сөз еткен кітабында журналист Шәрбану Бегімқұлованың «Қазақстан әйелдері» журналында жарияланған мақаласындағы бір деректі келтіреді. Онда 1937 жылдың 13 қазанында ҚазМУ-дың сол кездегі әрі директор, әрі тілдер кафедрасының меңгерушісі Ф.Т.Ошков, биология факультетінің деканы Митрофанов, оқытушылар И.О.Байков, М.Б.Байкова, И.О.Папоротная, Рат және Омаров қатысқан кафедра мәжілісінде «халық жауы» Телжан Шонановты ерекше қорғаштағаны үшін Елдес Омарұлын қызметтен босатып, жатақханадан шығарып жібереді.

Ғалым мақалаларын «Тайбағар», «Ломоносов», «Әділ» деген бүркеншік аттармен жариялаған екен. Елдес Омарұлының бірқатар еңбектері баспа бетін көрмей қалыпты. Елдес Омарұлының «*Синтаксис жаттықтырғышы*» деген кітабы да 1936 жылы жазылғанмен, саясат салқыны тиіп, жарамсыз деп танылған. Ғалымның «*Әліппе*» атты кітабы ауыл

ақсақалы Асылбек Ташбаев оқып көріп: *«Бұл кітапта қазақтың біріңғай байлары мен билерінің сөздері мысалға келтірілген екен!»* – деп сүйсініпті [9]. Ғалым Ақылбек Шаяхмет Елдес Омарұлының Өтебайдың *«Ақ алтын»*, Қалқаманның *«Сырдария»*, Илиястың *«Құлагер»*, Сәбит Мұқановтың *«Өмір ертегісі»* және *«Теміртас»*, Бейімбеттің *«Бекберген мектебі»* секілді шығармаларынан үзінділер келтірілген әдебиет танытуға арналған оқулығы болғаны туралы да ақпарат келтіреді. Сондай-ақ Фатима Ғабитова Елдес Омарұлы тұтқындалғаннан кейін ғалымның *«Қазақ тілі» атты оқулығын* Тіл білімі институтының сол кездегі директоры Ісмет Кеңесбаевқа әкеп тапсырғанын айтады. Ғалымның жинақталмай, түгенделмей жатқан мұрасы әлі де көп. Елдес Омарұлы тұтқындалған кезде 72 кітап пен қолжазба тәркіленген. Ғалымның мол мұрасын оқып, танысу барысында Елдес Омарұлының қазақ тілінің білгірі, дарынды педагог, шебер аудармашы, терминолог.. – жан-жақты ғалым болғанын байқаймыз. Елдес Омарұлының ой-тұжырымдары қазіргі қазақ тіліндегі жаңа бағыттармен сабақтасып жатыр. Мәселен, ғалым: *«Қазақ «қанша», «нешеу» деген екі сөзге екі түрлі мағына береді, бірдеменің дәл санын айтқызу үшін «нешеу?» деп сұрайды да жуық мәлшерін айыру үшін «қанша?» деп сұрайды»*, – дейді. Осы сөйлемнен Елдес Омарұлының когнитивті лингвистика ұстанымдарын, «сан» мен «шама» онтологиялық категорияларының ерекшелігін, концептуалдау, категориялау үдерістерін терең түсініп, зерделей білгенін көреміз. Сол сияқты қазақ тіліндегі ережелерді формула түрінде беруі әрі түсінікті, әрі

дәл боп шыққан. Яғни ғалымның бірнеше ғылым саласын терең меңгеріп, пәнаралық байланысты шебер үйлестіре білгенін көреміз.

Елдес Омарұлының еңбектері осы уақытқа дейін ғылыми айналымға толыққанды ене алмай келеді. Оның басты себебі – ғалым еңбектерінің араб жазуымен сақталуында. Тіл білімінің келелі мәселелерін сөз еткен көп еңбегі араб жазуы қолданылған тұста жарық көрген. 2017 жылы ғалым Сұлтанхан Аққұлының көмегімен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкерлері осы уақытқа дейін кітапханаларымыздың сирек қолжазбалар қоры мен архивтерде сақталған мұрасын жинақтап, оқырман қауымға ұсынды [13].

Елдес Омарұлының еңбектерінің жарияланғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ғалым еңбектері өзектілігін жоймады. Керісінше, бүгінгі таңда латын негізді жазуға көшу барысында емле, терминжасам, шет тілден енген сөздердің берілуінде ескеретін тұстар көп. Ғалымның еңбектерін зерттеп, зерделеу арқылы қазақ тілінің шынайы болмысын, табиғатын танып-түсінуге болады. Ғалымның тұжырымдары инновациялық парадигмаларға негіз болары анық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Орталық Мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1314-іс, 3-б.
2. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740б.
3. Омаров Е. Қазақ тілінің дыбыстары // Жаңа мектеп, 1927. N2(17) 61-67б.

4. Омаров Е. Емле мәселесі// Еңбекші қазақ. 7-8.05.29.

5. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. -Алматы, 1930. –58с.

6. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01. 1928.

7. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз //Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926

8. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. - Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2005. – 94-100-б.

9. Елдес Омарұлы Шығармалары. Құрастырған: Марат Шуақаев, Ақылбек Шаяхмет. – Астана: Фолиант, 2017. 488 б.

10. «Қазақ тілі» газеті. 1923 жылдың 22 наурызы

11. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2007

12. Дулатова Г. Шындық шырағы. Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012.

13. Елдес Омарұлы Үш томдық шығармалар жинағы. – Астана, 2018.



Д. САТЕМИРОВА,  
филология ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор м.а.  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті.

## ҒАЛЫМДЫҒЫ ҰСТАЗДЫҚПЕН ҰШТАСҚАН

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғасырға жуық тарихында қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салушы ғалымдар ұстаздық етті. Алғашқы жоғары оқу орнында ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығында дәрістер оқи жүріп, ғылыммен де айналысу дәстүрін ғалымдар бүгінде де жалғастырып келеді. Қара шаңырақта дәріс оқыған Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Құдайберген Жұбанов, Қажым Жұмалиев, Сәрсен Аманжолов, Мәлік Ғабдуллин, Мұхамеджан Қаратаев, Серік Қирабаев, Нығмет Ғабдуллин, Ғабдолла Қалиев және т.б. ғалымдар – ғылымдағы ізденістерін педагогикалық қызметімен ұштастыра білген өнегелі тұлғалар.

*Университетіміздің тарихындағы аға буын ғалым-ұстаздар дәстүрін жалғастырып келе жатқан Темірхан Сақаұлы Тебегенов – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының көрнекті тұлғаларының бірі. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі. Қармақшы ауданының Құрметті азаматы. Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясының академигі. Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылым академиясының*

*академигі. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты. Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты. Түркі әлемі халықаралық «Қызыл Алма» сыйлығының лауреаты.*

Бүгінде 70 жастың биігіне көтеріліп отырған ғалым-ұстаздың 50 жылға педагогикалық әрі ғылыми еңбек жолында жеткен жетістіктері тынымсыз еңбегінің нәтижесін айқындайды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қазіргі жаңа тарихында да Филология және көптілді білім беру институты Ардагерлер кеңесінің төрағасы, С.Сейфуллин атындағы әдеби шығармашылық өнер бірлестігінің, Оразалы Досбосынов атындағы жас айтыскер ақындар орталығының кеңесшісі, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығына қарасты халықаралық «Таңжарықтану» қоғамдық қорының ғылыми кеңесшісі сияқты қоғамдық қызметтерді ұстаздығымен қатар алып жүр.

Ғалымның зерттеушілік еңбек жолы еліміздің егемендік алған жылдарынан бастап, жаңа бағытта қарқынды жалғаса түсті. Бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде академик Серік Қирабаев атындағы қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының профессоры ретінде өзінің ғылыми-педагогикалық қызметін табысты жалғастыруда. Ұлттың мақсат-мұраты жолында білім-білігін, күш-жігерін, қажыр-қайратын аямай еңбектеніп келеді. ***Жарияланған кітаптары – 30: монография – 11, оқулық – 2, оқу құралдары – 17. Жарияланған ғылыми мақалаларының отандық және шетелдік басылымдарда жарық көргені 300-ден астам.***

Ғалым терең де жан-жақты ғылыми қорымен студенттермен бөлісуге асығады. Сондықтан да болар, ұстаздың дәрістері қалыпты сабақтың арнасына сыймай,

ұстаз-шәкірттер арасындағы сұқбаттарға айналса, кейде үлкен аудиторияны шешендігімен баурап алады. Ғалым З. Қабдолов та Темірхан ұстаздың осы бір қасиетін дәл танытады: *«Университет дәрісханасы – жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың педагогикалық-психологиялық шыңдалу ұстаханасы. Темірхан сөз өнері ғылымындағы теориялық тұжырымдарды тәжірибелік талдауларымен сабақтастыратын, сөйлеу мәдениетіне тән серпінді, жігерлі үнімен, шабытты көңіл-күйімен шәкірттер қиялын шарықтататын, сөз өнерінің тылсым кеңістігіне тыңдаушыларын самғататын ұстаз-ғалым. Сөз өнерінің дәріскер оқытушысы – қазақ шешендік өнері дәстүрінің өкілі».*

Профессор Темірхан Тебегенов – шәкірттерінің дарыны мен қарымын дәл танып, ғылымға, шығармашылыққа баулыған ұстаз. *Профессордың жетекшілігімен 14 докторлық және кандидаттық диссертация, 10 магистерлік диссертация қорғалды.* Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде доцент (1991-2003), профессор (2004 жылдан бері), кафедра меңгерушісі (2008-2014) бола жүріп, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдерін даярлау ісіне, қазақ әдебиетінің оқу пәні, ғылым саласы ретінде дамуына зор үлес қосты.

Профессор Темірхан Тебегеновтің тынымсыз ізденімпаздығы мен өрелі ой желісінен туған зерттеулері, *«Нартай ақынның әдеби мұрасы», «Халық ақындары», «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі», «Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиеті», «Қазақ халқының ұлағатты ұрпақтар өркені», «Нияз молда Тасболатұлы»,* терең ғылыми әлеуетін таныта алатын дүниелер.

Қазақ әдебиетінің тарихы мәселелеріне арналған *«Халық ақындары» кітабында* қазақ әдебиеті тарихының көрнекті

тұлғаларының бірі Қожаберген Толыбайұлының (1663–1773) толғаулары, ән-өлеңдері, дастандары қарастырылған. Жырау шығармаларының XVIII ғасырдағы қазақ әдебиеті дамуы үдерісіндегі мәніне баға берілген. Қожабергеннің қоғамдық-әлеуметтік қызметі (жорық жауынгері, би-шешен) мен ақындық-жыраулық шығармашылық тұтасқан тұлғасының ұлттық рухани мәдениет тарихындағы маңызы көрсетілген. «Елім-ай!», «Баба тіл» дастандарының тақырыптық-идеялық, сюжеттік-композициялық, стильдік-көркемдік ерекшеліктері сараланған. Кітаптағы Шортанбай Қанайұлы (1818–1881) шығармашылығына арналған тарауда ақынның XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде діни-исламдық өркениеттегі сопылық-философиялық дүниетаным мен зар замандық поэзия сарындарын тұтастырған ерекшеліктері қарастырылған. Шортанбайдың мұрасындағы насихат, терме-толғау, арнау, жоқтау, айтыс өлеңдері, дастан жанрындағы шығармалары талданған.

Кітапта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының көрнекті тұлғасы Ерімбет Көлдейбекұлы (1844–1916) шығармашылығы да арнайы тарауда қарастырылған. Ақынның өмірбаяндық-дерекнамалық жолы мен дидактикалық-философиялық толғау-термелерінің, жазбаша айтыстарының, дастандарының поэтикалық ерекшеліктері талданған. Аталған тұлғалар шығармаларының халықтық-эстетикалық сипатына, ұлттық әдебиет үдерісіндегі көркемдік жалғастықтың дамытылуына тарихи поэтика заңдылықтары тұрғысында бағалаулар жасалған.

*«Әдебиет тарихының мәселелері» кітабындағы* шығармалар қазақ және әлем халықтары сөз өнері мұраларының көркемдік жалғастық жолы заңдылығы бойынша қарастырылған. Ислам өркениеті дүниетанымы негізіндегі классикалық әдебиет тұлғаларышығармаларының

дидактикалық-философиялық, лирикалық, эпикалық сарынды ерекшеліктері байыпталған. ХІХ–ХХ ғғ. қазақ әдебиеті тарихы көрнекті тұлғаларының әдеби мұралары арнайы қарастырылған. Хакім Абай шығармаларындағы діни-исламдық дүниетаным болмысы жалпыадамзатқа ортақ гуманистік-эстетикалық көзқарастар тұрғысында дәлелденген. Ыбырай Алтынсарин мұрасындағы діни-исламдық көзқарастар («Мұсылманшылықтың тұтқасы») («Шариат-ул-ислам»), Омар Шораяқұлының, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының, Сәкен Сейфуллиннің, Ғабит Мүсіреповтің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Қалижан Бекхожиннің шығармалары жеке-жеке ғылыми очерктер түрінде жазылған. Кітап әдебиет тарихының әртүрлі кезеңдеріндегі ақын-жазушылар мұраларының үздіксіз жалғасқан көркемдік дәстүр сабақтастығын танытуға арналған.

*«Әдебиет тарихы» кітабында* қазақтың ақындық өнері табиғаты ғылыми-теориялық тұрғыда сипатталған. Дәстүрлі ақындық поэзия өкілдері шығармашылығының бірнеше өнер тұтастығынан құралатыны, әлем халықтары мұраларымен поэтикалық үндестігі, ауызша және жазбаша ақындық өнеріндегі көркемдік-стильдік шеберлік дәстүрі жалғастығы айтылған. Осындай өзекті мәселелер аясында ақындардың тарихи жырлары, дастандары, ХІХ–ХХ ғ. көрнекті ақындар Базар Оңдасұлының, Бұдабай Қабылұлының, Нартай Бекежановтың әдеби мұралары біршама толық қамтыла қарастырылып, ғылыми-теориялық талдаулармен бағаланған.

Әдебиет тарихына қатысты мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан қарастырған зерделі зерттеулері – ұлттық әдебиеттанудың ғылыми өресін танытар іргелі еңбектердің қатарында. Ғалымның басты ғылыми бағдары қазақ әдебиетінің тарихының мәселелері, халық ақындары шығармаларындағы ерекшеліктер, әдеби даму үрдістері

сынды бағыттарды зерттеумен байланысты болғанын осы еңбектерде зерделенген рухани мұраның мазмұнынан аңғаруға болады.

Еліміздің егемендік алуы әдебиетімізді ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік берді. Осы кезеңдегі, әсіресе, әдебиет тарихының мәселелерін көтерген ғылыми еңбектер, жалпыұлттық өзекті проблемаларға арналғандығымен ерекшеленеді. Қазақ әдебиеттану ғылымында А.Байтұрсынұлы мен М.Әуезовтен бастау алып, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Ә. Марғұланмен жалғасқан, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, С.Қирабаев, З.Ахметов, Н. Келімбетов сынды алпауыт ғалымдар дәстүрі еліміз тәуелсіздік алған жылдары ерекше қарқынмен дамыды. Атап айтар болсақ, Ж.Тілеповтің «XIV-XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихилығы», С.Негимовтің «Ақын-жыраулық поэзияның бейнелілік-көркемдік жүйесі» тақырыбындағы жұмысы, У.Қалижановтың «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы)» атты докторлық диссертациясы, Б.Омаровтың «Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымы (генезис, типология, поэтика)» және А.Шәріптің «Қазақ поэзиясында ұлттық идеяның көркем бейнеленуі: генезисі, эволюциясы және трансформациясы», Т.Тебегеновтің «Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстары ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына зор үлес қосқан іргелі зерттеулер болды. Бұлардың қай-қайсысы болмасын сан ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиетінің мәселелерін жаңаша пайымдаған тың дүниелер еді.

***Ғалым Т.Тебегеновтің «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» (2001) атты монографиясы*** ұлт әдебиетінің өзекті тақырыбын қозғаған ғылыми құндылығы зор іргелі зерттеу болып

табылады.

Монографиялық еңбекте дәстүрлі халық ақындарының шығармалары әдеби процесті құрайтын авторлық әдебиет өкілдері ретінде әдебиеттану ғылымында алғаш рет өнер психологиясы, этнопсихология, этнопедагогика, дінтану философиясы мәселелерінің аясында қарастырылған. Дәстүрлі ақындық поэзиядағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжалдық, мұсылмандық-мүнәжаттық және пантеистикалық өлеңдер ғылыми-танымдық негізде сараланған. Сонымен қатар, мұсылмандық-ағартушылық пен еларалық-ұлтаралық, осымен бірге жазбаша айтыстар авторлық әдеби шығармашылық заңдылықтары тұрғысында әдебиеттанудың жаңа көзқарастарымен тұңғыш рет талданған. «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» әдебиет тарихына қатысты жаңаша көзқараспен зерделенген күрделі сауалдарға жауап бере алатын академиялық толымды ғылыми-зерттеу болып табылады.

Ғалымның *«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі»[1] еңбегі* – халық ақындарының шығармаларындағы авторлық тұлға, автор мен адресаттық нысан арасындағы психологиялық байланыс, психологиялық уақыт пен кеңістікті құрайтын шежірелік, болжал, мұсылмандық-мінажаттық және пантеистикалық өлеңдерді ғылыми тұрғыдан пайымдаған ауқымды зерттеу. Зерттеу *«Әдеби процесс – рухани құндылықтар тарихы»*, *«Авторлық – әдеби процесс өзегі»*, *«Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық-салттық негіздері»*, *«Ақындар айтыстарының әдеби шығармашылық сипаты»* атты тараулардан құралған.

Еңбектің *«Әдеби процесс – рухани құндылықтар*

*тарихы» деп аталған бірінші тарауында* халық ақындары атауының танымдық тұрғыда қалыптасуының заңдылықтары, дәстүр жалғастығы, әдеби мектептер мәселелері ұлттық дүниетаным тұрғысынан жан-жақты қарастырылады. Зерттеуші әдеби процесс – ұлттық мәдениеттің негізгі өзегін құрайтын ерекше шығармашылық құбылыс ретінде танып, өзінің ойларын ғылыми дәлелдермен тұжырымдайды. *«Фольклордың эстетикалық негіздерімен суарылған ақындар халықтық ұлы сезімдерді жырлаудағы азаматтық-философиялық, гуманистік сарындардың аса өміршең арналарын қалыптастырды»*[1,27], – дей келіп, фольклордағы шынайылық, халықтың арман-мұратымен үндескен көңіл-күйі, халық тілінің шұрайлылығы халық ақындарының поэзиясына ұлттық бояу, реңк дарытатын ерекшелік ретінде пайымдайды. Ұлттың эстетикалық ұғым-түсініктері, мінез-құлқы, ырым-нанымы, салт-дәстүріндегі ерекшеліктер әдеби процесс аясында қарастырылады.

*«Авторлық – әдеби процесс өзегі» атты екінші тарауда* авторлық әдеби процеске өзек болатын негізгі категория ретінде қарастырылады. Бұл бөлімде әдеби поцестегі автордың әдеби бейнесі басты нысанға алынады. Осы тарауда қазақ әдебиеттану ғылымында халық ақындары шығармашылығындағы психологиялық уақыт мәселесі алғаш рет ұлттық сөз өнері тұрғысынан қарастырылады. Халық ақындарының шығармашылық психологиясына тән ерекшеліктердің поэзиядағы көрінісін нақты талдаулармен танытабілген.

*«Халық ақындарының лирикалық өлеңдері және олардың тұрмыстық-салттық негіздері» атты тарауындағы* ғылыми-танымдық пайымдаулар да алғаш рет халық ақындары шығармашылығындағы этнопедагогикалық, этнопсихологиялық өлеңдер деп топтастаруымен құнды деуге болады. Әрине халық ақындары туралы айтқанда,



айтыс өнері туралы сөз болмауы мүмкін емес. Ғалымның еңбегінде қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс – айтыс өнері жан-жақты ізденістен туған тың тұжырымдарымен толығады. Мұнда айтыстың әдеби шығармашылық сипатын айқындай келіп, *мұсылмандық азартушылық айтыстар, еларалық-ұлттаралық айтыстар, жазбаша айтыстар* деп өз жіктеулерін ұсынады.

Ғалымның *«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты зерттеуі* – қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған іргелі зерттеулердің бірі. Зерттеушінің жан-жақты ізденісі мен терең пайымдауларының нәтижесінде әдебиет тарихына қатысты тұжырымдалған: «авторлық және адресат», «әдеби процесс және авторлық тұлға», «психологиялық уақыт», «халық ақындары шығармашылығындағы этнопсихологиялық, этнопедагогикалық өлеңдер» сынды ұғымдар ғылыми тұрғыдан орнықты деуге болады.

Темірхан Тебегенов – қазақ әдебиеттану ғылымының барлық саласына қалам тербеген және зерделі зерттеулерін арнаған үлкен ғалым. Негізгі ғылыми-зерттеу нысаны – қазақ әдебиетінің тарихына қатысты болғанымен, әлем әдебиеті, әдеби байланыстар мәселелерін де арнайы зерттеп келе жатқан зерттеуші.

Пайдаланылған әдебиеттер:

«Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі». Монография.- Алматы: Білім, 2001. -332 б.

## БАЛҒОЖА МЕН ҚҰНАНБАЙ

### *Аннотация*

*Балғожә мен Құнанбай – замандас. Бірі Ыбырайдың атасы, бірі Абайдың әкесі. Екеуінің өмірі мен еткен істерінде ұқсастық көп. Өйткені екеуі де елдің қамын жеп, балаларды оқытуды ойлаған. Мақалада екеуінің ұқсастығы, ел үшін еткен ісі бір-бірімен салыстырыла отырып айтылады.*

**Тірек сөздер:** би, билік, оқу, білім, Құдай, жанашыр, тәлім, тәрбие, мектеп, заман, заң, абырой, атақ.

### *Аннотация*

*Балғожә и Қунанбай – сверстники. Один дедушка Ыбырая, а другой отец Абая. У обоих есть много общего в деятельности и в их жизни. Потому что они оба думали о своем народе и об обучении детей. В статье рассматривается сходство их деятельности в сравнении.*

**Ключевые слова:** би, власть, обучения, знания, Бог, сострадатель, воспитания, школа, век, закон, достижения, гордость.

### *Annotation*

*Balgozha and Kunanbai – are peers. One grandfather's Uburai the other father's of Abai. Both have a lot in common in activity and in life. Because they both thought about the future country and about educating children. In article*

*addresses the similarities of their work and compares with each other.*

**Keywords:** *power, knowledge, the God, compassion, law, achievement, pride, centry.*

Құнанбайдың шөбересі Әрхам Кәкітайұлы (1886-1963): *«Құнанбай үшінші ұлының атын Ибраһим деп арабшалап қойды. Ибраһим Мұхаммед пайғамбардың ұлы атасы, өзі де пайғамбарлық атағын алған адам екен. Бұл атты баласына қоюы Құнанбайдың өз ортасынан ерекше дін жолына берілгендіктің белгісі сықылды»*[1,15 б.], – дейді.

Құнанбайдың Құдайберді, Тәңірберді деген ұлдарының аты да Әрхам сөзін растай түседі.

Бірін-бірі білді ме, білмеді ме, ол жағы бізге белгісіз, атақты би Балғожа Жаңбыршыұлы мен Құнанбай Өскенбайұлының заманы да, заманына сай амалы да бір болған. Екеуі де мұсылман дінін ардақ тұтып, оған қызмет еткен.

Құнанбай 72 жасында қажылыққа барып, Меккеден келген соң бар өмірін құдайға құлшылық етумен өткізді. Меккеге барған қазақ қажылары түсетін Тақия деген үй, Қарқаралыда мешіт салдырды.

Ал, Балғожаның Алланың ақ жолында болғанын Ыбырай Орынборға оқуға барғанда өлеңмен жазған мына хатынан аңғару қиын емес:

*«Қарағым, көзім нұры, көңіл гүлім,  
Сөзімді ілтипатпен тыңдап ұғын.  
Айрылма мұсылмандық тұтқасынан,  
Өлім хақ, өмір өтер, тұрмас бір күн.  
Барасың қамап тұрған қалың жсауға,*

б.]

Өлеңдегі «Бұл сөзім, Аллаға аян барлық мінім», «Көзіме жасымды іркіп сұрап тұрмын, Әлемге тегіс жеткен Хақтың нұрын» деген жолдар да оның Құдайдан безбегендігінің куәсі. «Барасың қамап тұрған қалың жауға» дейді. Бұл жол оған кешегі Кеңес дәуірінде тағылған «шен-шекпен үшін орыстарға сатылған» орысшыл деген айыптарды бекерге шығарады. Енді бірде осы өлеңінде ол «Шамаң келсе нашардың жағында бол», «Нәсіп болып жете алсаң мақсұтыңа, Ұлтыңа қызмет істе бұл бір сырым» – дейді.

Жанашыр жүрек түкпірінен шыққан шынайы, арада ғасырдан артық өтсе де әлі жастарға берер тәлім-тәрбиелік мәні зор, үгіт-насихатқа толы, ақыл, нақыл, өсиет өлең. Халықтың қамын ойлап қамығу, немересінің болашағына алаңдап егілу бар. Сонымен бірге Балғожаның ішкі әлемінен де хабар беріп, мақсат-мүддесін, көргендігі мен көрегенділігін де айқындай түсетін туынды.

Балғожа да, Құнанбай да оқу-ағарту ісіне ерекше көңіл бөліп, балаларын оқытуды жөн санаған. Балғожа 5 жасар немересі Ыбырайды қазақ балаларына арналып Орынбор қаласындағы Шекара комиссиясы жанынан ашылған 7 жылдық мектепке беруді ойластырып, мектепке алынатын балалар тізіміне алдын-ала қостырып қояды. Мектеп ашылғанда 9 жасар Ыбырай да басқа балалармен бірге оқуға қабылданып, 1957 жылы мектепті үздік бітіріп шығады.

Өскенбай тұңғыш қызы Тойбаланы, одан екі жыл

кейін туған Құнанбайды ел ішінде зекет, садақа жинап жүрген бір қожаға оқуға берсе, *«Қазақ балаларының оқығанын арман етіп көкसेген ұлы Құнанбай өзінің күзегінен ең алғаш там салдырып, сауын мал, азық жинап беріп, айналасындағы қазақ балаларын, өз балаларын оқытқан»*[1,9 б.] «Екі там» деген жерде мектеп ашып, онда «Байдалының Сары молдасы» аталып кеткен Мұхамет, мұсылманша сауатты Ғабитхан Ғабдыназарұлы, Әуез, Хасен сабақ берген. Құнанбайды өз балалары Құдайберді, Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан, Халиолла алғаш осы мектепте оқып, сауаттарын ашқан. Жылына Ташкенге бір рет керуен жіберіп, оқушы балаларға керекті кітаптар алдырып тұрған.

Сол тұстағы заман ағымын жақсы түсінген екеуі де балаларын орысша оқытуды теріс көрмеген. Ыбырай жоғарыда аталған мектепте 7 жыл бойы орысша оқыған.

Құнанбай 1845 жылы өз елінде қазақ балаларын оқытатын училище ашпақ болып Шекара комиссиясына қазақ, орыс тілін еркін меңгерген орыс мұғалім жіберулерін сұрап хат жазады. Алайда олар Құнанбайдың ой-пікірін қолдағанмен, екі тілді бірдей білетін мұғалімнің жоқтығын айтып, Тобықты елінде тілмәш болып жүрген жігітке жалақы төлесе, бос уақыттарында сабақ беруіне болатынын хабарлайды.

Құнанбай Абайды, Балғожа Ыбырайды 12-13 жасынан-ақ билік айтып, шешен сөйлеуге баули бастайды.

Балғожамен бірге туған Ханқожаның Ақдәулет, Қылышбай деген екі баласы болады. Қылышбай болыс болып тұрғанда, Ақдәулет інісіне өкпелеп, Бағаналы

Байырға көшуді ойлайды. Елдің бас адамдары жиналып көшпе десе, Ақдәулет көнбейді. Сол кезде Ыбырай оқуды жаңа бітірген кезі. Ақдәулеттің хабарын естіп Ыбырай келеді. Ақдәулетке сәлем беріп, жай-күйін сұрап отырғанда, айтқан өлеңі екен дейді:

*«Мұнан барсаң барарсың  
Бағаналы-Байырға.  
Нарыңды берген тамырға.  
Жая менен жал салып,  
Берерсің тоқал қабырға.  
Төсекті қалың төсерсің,  
Өтпестей қылып сауырға.  
Ағаңнан өзің барған соң,  
Жая менен жал түгіл  
Зар боларсың қарынға.  
Малыңа азық жинауға,  
Жарымассың шабынға.  
Түбек тимей өзектен,  
Малыңды қыс күн бағуға.  
Қона алмассың қалыңға  
Жазғытұры болғанда,  
Жая алмайсың малыңды,  
Жайсаңы бар ауылға.  
Асығарсың сонда, аға,  
Көшемін деп қайтадан  
Ағайын-туған бауырға.  
«Өз тұяғы тұлпардың,  
Өзіне дәрі» деген бар  
Қайтыңыз, аға, ауылға!»*

Ыбырайдың сөзіне тоқтап, Ақдәулет көшін түсіріп, қайта қонады. Мал сойып қонақасы әзірлеп

жатқанында, Ыбекең Қылышбайға сәлем бере барып:

*«Уа, Қылыш-еке, Қылыш-еке!*

*Бақыт қонды басыңа.*

*Көтере алмай бақытты*

*Аққан судай тасыма.*

*Қастасқаның Ақан ба,*

*Білгендігің осы ма?*

*Ағаң қонды қасыңа*

*Ерулікке тай сойып,*

*Шақырыңыз асыңа.*

*Қоса шақыр Жүзбайды.*

*Жүзекем келсін жиыңға*

*Иштің сырын қозғайды.*

*Жүзбайдың айтқан билігін*

*һешкім сынап, бұзбайды.*

*Әр ауылдан бір кісі ал,*

*Сөз тыңдарлық саналы,*

*Сонда халқың азбайды.*

*Ысқыра берсең сұрланып,*

*Өсек-аяң қоздайды.*

*Жаннан жанның артығы жоқ,*

*Сендегі артық тек бақыт*

*Бағыңа ешкім қолын созбайды», – депті.*

Қылышбай сөзден жеңіліп, тайын сойып, Жүзбайды, Ақдәулетті шақырып татуласқан екен. [3].

Абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметов «Құнанбай Абайды түбінде билікке алып келуді ойлаған, – деп жазады.

– Сондықтан орысша оқытпастан бұрын, оның қазақы ортаның нәрімен сусындап, кейін медресеге оқуға жіберді. 13 жасында билікке араластырды. Осылайша,

*Абай елдің рухани қазынасын меңгеріп, халыққа не керектігін түсінді»[1,30 б.]*

Балғожа да, Құнанбай да асқан ақыл иесі, сөзге шешен, іскер, дала заңдары мен Құран қағидаларын да, орыс заңын да жақсы білген, ел қамын жеген айтулы тұлғалар. 1850 жылдың 12 наурызында толтырылған бір құжатта Балғожа Жаңбыршиннің Ұзын қыпшақ билеушісі, 48 жаста, жүзбасы екендігі, орта бойлы, толық, дөңгелек жүзді, қараторы, шағын кара сақалды, шүнірек көзінің үстінде қалың қасқабағы бары айтылып, Ұзын қыпшақтың алтыбас тармағы биінің баласы екендігі көрсетіліп, *«Ол қазақ ордасының Шығыс бөлігіндегі ең бір ақылды, ел сыйлаған билердің бірі[4,112-121 бб.]»* – деп жазылса, поляк халқының көрнекті демократ-революционері, этнограф Адольф Янушкевич Құнанбай жайында *«Табиғат оған кесек ақыл, гажайып ес және жүйрік тіл берген. Іскер, өз аталастарының игілігі туралы қам жейді. Дала заңдары мен Құран қағидаларының баянды білгірі, қазақтарға қатысты Ресей заңдарын жатқа біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман»[1,4 б.]*, – деп жазады.

Сол заманда өмір сүрген елге белгілі замандас ақындар мен би, шешендер де кейінгілер де, екі тұлға жайында жақсы пікірлер айтқан.

Балғожа 1860 жылы жаз айында қайтыс болып, би жаназасына үш болыстың адамдары – өз жұрты, құдалары арғынның Алдияр (Таз) руының атақтысы Жазы бидің елі шақырылыпты. Ол кезде бұл елдің басқарушысы Шоқай би екен. Дәл сол тұста ол қажылықта болып, келе алмайды. Келген соң Балғожаның дүниеден өткенін естіп, қатты қайғырып: *«Балғожа*



екі тумайды, жаратылысы бөлек еді Білімділігі мен парасаттылығы, әділділігі мен кішіпейілділігі, қайырымдылығы, абырой-беделі орыс-қазақта сирек кездесетін қасиетті жан еді. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген зой. Марқұм, аға тұтып алдымнан өтпейтін. Кездесе қалсақ, атымды байлап, аттанарда қолтығымнан сүйейтін. Енді ондай бекзатты қайдан табарсың, қайран сарбаз ерте кетті?!» – деп өкініш білдіріп, жолдас-жораларын жинап ақылдасып, орнына барып дұға оқыту үшін Балғожаның еліне сауын айтып елші жіберіпті.[2,117 б.]

Балғожа мен Құнанбайдың замандасы, қазақтың алғашқы журналистерінің бірі Асылқожа Құрманбаев 1894 жылы «Дала уалаятының газетінде» жарық көрген **«Қазақтар қандай адамды жақсы кісі деп атайды»** деген мақаласында **бұрынғы замандарда қазақ бай болмаса да туғаннан ақылы көп, қайырымды, әділ һәм параға қарамайтын адал адамды құрмет тұтқанын айта келіп, Тезек батырды, Төле, Сармантай, Шоң, Қазыбек, Бағай-әке, Хұсейін билермен қатар Торғай облысынан Балғожа бидің атын атайды.**[5].

Құнанбай Шәкәрім 27 жасқа толғанда дүниеден өтті. Ол Құнанбайды тәте дейді екен. «Мен тәтеме сәлем беріп тұратын едім. Бірақ, жиі барып, қасында отыруға мүмкіндік болмады. Тәтемнің ауылы біздің ауылдан шалғай болатын. Жанына бес-алты рет барғанымның өзінде көп әңгіме айтып, ақыл беретін... Әсіресе адалдық жағын баса үйрететін... Тәтем: «Көпке жақпай, адал болмай, абырой, атақ алмайсың», – дейтін [1,11 б.], – дейді ол.

Балғожа би туралы Сегіз Сері (Мұхамед-Қанафия) Баһрамұлы:

*«Шоқай, Жазы, Балжеке, – үшеуіңіз*

*Бұл күнде бетті дұрыс түзедіңіз.  
Көз салып ілгеріге, айқын болжап,  
Ұрпақтың болашағын көздедіңіз...  
Біріндей осы ұлың күн мен айдың,  
Сырына қанық болар әрбір жайдың.  
Тіл-көз бен сұқ көздерден есен болсын,  
Асады қатарынан Ыбырайың...»[6,179 б.], –*

деп Балғожаны мақтап, немересі Ыбырайға бата берсе, Жаңбыршы ұрпақтарының бірі Сейітқали Төлегенұлы ел ауызынан жазып алған бір өлеңде:

*«Қыпшаққа би Балғожа аға болды,  
Ағасы Қанқожа би дана болды.  
Айбыны аш арыстан секілді еді,  
Көрсетті сан қазаққа тура жолды.  
Үш жүзге Құсмұрында билік айтты,  
Әр сөзін хатқа жазып, бетіне айтты.  
Тоқтатып жалғыз ауыз сөзбен жұртты,  
Халайық риза болып, елге қайтты», – [7],*

делінеді.

Құнанбай жайында Біржан сал:

*Құтыма тіл тигізбе, ер Құнанбай,  
Алашқа даңқы шыққан кер бұландай[9,4 б.], –*

десе, айтыскер ақын Төребай Есқожаұлы:

*Көп ерлер Құнанбайға еліктеген,  
Жауы да Құнанбайды кемітпеген.  
Меккеге жүз кісілік үй салдырып,  
Үш жүзге даңқы шыққан ерлікпенен[1,4 б.], –*

деп тебіренеді.

Ыбырай атасы туралы:

*Қыпшақта би Балғожа аға болды,  
Ағасы Ханқожа би дана болды.  
Айбыны аш арыстан секілді еді,  
Көрсетті сан қазаққа сара жолды.*

*Үш жүзге Құсмұрында билік айтты,  
Әр сөзін хатқа жазып бетіне айтты.  
Тоқтатып жалғыз ауыз сөзбен жұртты,  
Халайық риза болып елге қайтты.[7] –*

десе, Абай:

*«Арғы атасы қажы еді,  
Бейіштен тартқан шәрбатты.  
Жарықтықтың өнері,  
Айтуға тілді тербетті.  
Адалдық, ақыл жасынан,  
Қозғатты, тыныштық берменгі.  
Тәубесін еске түсіріп,  
Тентекті тыйып, жерлепті.  
Ол сыпатты қазақтан,  
Дүниеге ешкім келменгі.  
Өлмейтін атақ қалдырып,  
Дүниеге көңіл бөлменгі[1,4 б.],-*

деп толғайды. Балғожаның немересі Ыбырай (Ибраһим) Алтынсарин де, Құнанбайдың ұлы Абай (Ибраһим) да Ислам дінін қадір тұтып, оның ақ жолында болды. Балғожа тәрбиесін көрмесе Ыбырай, Құнанбай тәрбиесін көрмесе Абай ұлы тұлғаларға айналар ма еді, айналмас па еді?!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәкітайұлы Ә. Құнанбай Абайдан зор үміт күтеді // Аңыз адам, № 13(121) шілде,2015.

2.Оспанов С. Алтынсарин әлемі./ Қостанай қ. «Центрум» ЖШС, 2017.

3.ҰҒА сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры, К-397 қор,№2.

4. ЦГАРК ф.И-4, Оп.Л.,д. 2512

5. Құрманбаев А.Қазақта қандай адамды жақсы кісі деп атайды // Дала уалаятының газеті, 1894, №26.

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ БІР ТҮРІ – ФАНФИК ЖАЗУ

Бір нәрсені жасауға, тудыруға деген қабілеттілік оқушы бойында кішкентай кезінен бастап болады. Оқушының шығармашылық қабілетін әдебиет сабағында қалай жүзеге асыруға болады? Мұғалім алдымен, екі мәселеге көңіл бөлгені дұрыс:

- *Алға қойған мақсат айқын, түсінікті болу керек*
- *Нәтиже сараланып, оқушыны ынталандыру, тарту, көтермелеу, қызықтыру, мадақтау, мақтау, марапаттау болу керек.*

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасында көркем мәтін бойынша, көркем шығарма бойынша дамытыла жүргізілетін шығармашылық жұмыстардың келесі түрлері қарастырылған:

*а). Автор стиліне жақындап, еліктей отырып шығармашылық жұмыс жүргізу;*

*ә). Көркем мәтін ішіне авторлық идеяға, оқиғаға, кейіпкерлер табиғатына өзгеріс әкелмейтіндей «өз мәтінін» енгізу;*

*б). Кейіпкерлердің мәтінде жоқ монолог, диалогын жазғызу;*

*в). Мәтіндегі кейіпкерлердің портретін өзі жасау, тура мінездеуді толықтыру;*

е). Автордың шығармасындағыдан басқадай тың көркемдік шешім табу.

Мұғалім осы мақсаттарды қалай жүзеге асырғаны жөн? Нәтижеге жету үшін қай мақсатқа басымдылық берген дұрыс?

### Анализ және интерпретация

	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
А/И4. Шығармашылық жұмыс	6. А / И4. Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап жазу.	7. А/И4. Шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу.	8. А/И4. Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарастың тұрғысында дамытып жазу.	9. А/И4. Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.	10. А/И4. Автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу

Орта буын оқушыларымен осы мақсатты жүзеге асыру үшін сипаттап жаз, дамытып жаз, шығармашылық жұмыс жаса деген іс-әрекеттерді қызықтырып қалай жүзеге асыруға болады? Осындай ізденістің нәтижесінің бірі – фанфик жазу.

**Фанфик (Фанфикшн, Фанаттың әңгімесі)** — шығармашылық жанрдың бір түрі, оқыған шығарма немесе көрген кино желісі бойынша әсерін өзінше дамытып жазу. Фанфик оқырманның оқып отырған сәттегі алған әсерін сипаттайды. Бұл шығармашылық жұмыс түрі 70-жылдардың бас кезінде, фанаттардың шығаратын әуесқой журналында жазыла бастады. Оның кеңінен таралуы – ғаламтор желісінде: автор бірден өз мәтінін сайтта жариялайды, сөйтіп бірден өз оқырманын табады.

Шығармашылықтың бұл түрін «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша А/И4 бөлімшесіндегі

«Шығармашылық жұмыс» оқу мақсаттарын іске асыруға бағытталған сабақтар барсында қолдануға болады.

Фанфик шығармашылық жұмыс түрін пайдаланып, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай жазылым тапсырмаларын ұйымдастыруға болады?

*1. Шығармадан тыс қалған көрініс. Оқушыларға осы шығармада тағы қандай оқиға болуы мүмкін деген сұрақты қоя отырып, жаздырту.*

*2. Жалғастырып жазу. Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін?*

*3. Фокусты ауыстыру. Шығармадағы қосалқы кейіпкер туралы жазу. Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Ол бұл шығармада болмағанда оқиға желісі қалай болар еді?*

*4. Моральдық қайта бағдарлау. Жағымды кейіпкерді жағымсыз кейіпкер ретінде таныту немесе керісінше.*

*5. Жанрлық трансформация. Шығарманың бір сюжетін газеттік мақала, пьеса түрінде ұсыну; комедиялық сюжетті трагедиялық сюжетке айналдыру немесе керісінше.*

*6. Кроссовер. Шығарма кейіпкерлерінің диалогын жазу.*

7-сыныпта Сайын Мұратбеков «Жусан иісі» хикаятын мазмұнын меңгергеннен кейін, түсіну білу деңгейінен анализ жасау, интерпретациялау деңгейіне өту үшін қызығушылығын ояту мақсатында фанфик термині туралы ғылыми мағлұмат берілді.

Оқушылар алынған ақпаратты бір-бірімен талқылайды, сабаққа қатысын талдау үшін мұғалім

төмендегі сұрақты қояды:

- *Фанфик бағыты шығармашылық жұмыс болуы мүмкін бе?*
- *Әдебиет сабағымен қалай байланыстыруға болады?*
- *Біз 7-сыныптың жеке әуесқой журналын шығара аламыз ба?*

Талдау кезінде ерекше құлшыныс тудырып, жаңа леппен сабақ басталғанда топтарға бөліну арқылы тапсырмалар жүзеге асырылды:

### ***1-топ тапсырмасы***

**Тағы қандай оқиға болуы мүмкін? Жалғастырып жаз.**

*Таңдайымыз кеуіп, қаңырығымыз түтеп, қарнымыз ашып, қамшы сілтеуге әліміз құрып, бас айналып, көз қарауытып, қалғып-мүлги бастаған кезімізде соқа ұстаған әйел баяу үнмен:*

*– Әй, ұл, айдасаңшы өгізіңді, – дейді.*

### ***2-топ тапсырмасы***

**– Ары қарай қандай оқиға болуы мүмкін? Бапай мен кемпірінің тағдыры қалай болуы мүмкін?**

**Оқиғаны жалғастырып жаз.**

*«Кей күні ойыннан кейін мен кешкі тамақты ішіп ап, Бапайдың үйіне баратынмын. Мен келгенде Аян ылғи темір пештің аузында от жағып отырады.»*

### ***3-топ тапсырмасы***

**– Бұл кейіпкердің шығармадағы орны қандай? Ол бұл шығармада болмағанда оқиға желісі қалай болар еді? Әңгімеге Есікбай қатысқан бір эпизод қос.**

*Тек бір кезде Есікбай:*

– Ой-бай!.. – деп баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап жығыла берді. Аян оның қолын бұрап жіберген екен. Енді Аян күш алды. Ол аузы қан-қан болып атып тұрып, Есікбайды алқымынан бүре түсіп, жер сүздіріп тұқырта берді. Өздері апыр-топыр қылған қара топыраққа Есікбайдың бетаузын бір-екі рет көміп-көміп жіберген.

– Ойбай, болды, болды... – деп айқай салды Есікбай. Аян оның басынан аттап тұрып кетті. Ұшып тұрған Есікбай тағы да тап берген. Аян оны белдесуге жібермей, екі қолынан ұстай алды да, жата бере іш тұстан ыңқ еткізді. Бірақ үстінен басып соққан жоқ. Қатты жығылған Есікбай біразға дейін тұра алмай ыңқылдап жатты. Аян болса бұлаққа барып бет-аузының қанын жуып, ақ жейдесін киіп түк білмеген, түк көрмегендей үйіне қайтты.

#### **4-топ тапсырмасы**

**Үзіндіні оқы. Тұржан бейнесін іс-әрекеті арқылы жағымды кейіпкерге айналдыр.**

Тұржан жүгіріп жеткен бойда, қораның артында төрт бүктеліп шырқырап жатқан Аянды дәу табан кирзі етігімен теуіп кеп жіберді. Аян қалпақша қалқып барып анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы қамшымен тулақты сабағандай, көміп-көміп алды да, тағы да тепті-ай кеп. Бас демей, көз демей былшылдатып тебе берді. Әуелде құлындағы даусы шығып шырқырап: «Ағатайлап» шыңғырған Аяның біраздан кейін үні өшті. Кирзі етіктің астында жансыз заттай илектеніп жата берді.

#### **5-топ тапсырмасы**

**Үзіндіні оқы. Аян айтатын ертегіні шытырман**



## **оқиғалы детективке айналдыр.**

*«...– Біраз жер жүргеннен кейін жетім баланың қотыр тайына тіл бітіпті, – дейді Аян. – Қотыр тай тұрып оған: «Мынау алда тұрған асқар таудан күндіз құс ұшып өте алмайды, қанаты күнге күйіп қалады. Тек түнде ғана ұшып өтеді, сондықтан да біз түнді күтуіміз керек. Түнде маған да қанат бітеді. Сен тек жығылып қалмай, көзіңді тарс жұмып, менің жалымнан мықтап ұстап отыр. Мен: «көзіңді аш!» дегенде бір-ақ аш. Сонда, мына асқар таудың арғы жағында, мұнан гәрі аласа, шошайған қоңыр тау тұрады. Ол жалғыз көзді дәудің мекені», – дейді. Жетім бала қотыр тайдың айтқанын түгел орындайды. Түнде қотыр тайға қанат бітіп, асқар таудан ұшып өтеді... Бір кезде қотыр тай: «Енді көзіңді аш!» – дегенде, жетім бала көзін ашса, дәл алдында ақырын теңселе қозғалып шошайған қоңыр тау тұр екен...»*

### **6-топ тапсырмасы**

**Диалогты ары қарай дамытып жаз. Диалогты қызықты құрастыр.**

*Аян басын жастықтан әзер деп көтеріп, екі қолы дірілдеп, пальтоның жағасына тұмсығын тығып жіберіп құшырлана иіскеп-иіскеп алды да:*

*– Тез іліп қой, әйтпесе ұрсады, – деді*

Байқағанымыздай, бұл тапсырмалар фанфикбағыттарының алты түрін де қамтып тұр.

2-тапсырма арқылы фанфиктің қай түрін жүзеге асырғанын анықтату арқылы теорияны бекіттік. Шығармашылық жазбаларынан алған әсерлерін талдайды. Әр оқушы төмендегі аңдатпаны толтыру арқылы іс-әрекетіне рефлексия жасайды. Мұғалімдер

көбінесе көңіл күйге рефлексия жасатуды әдетке айналдырғанмен, теориялық біліммен байланыстыра отырып:

- *Жанрын анықтату;*
- *Кейіпкерлерін көрсету;*
- *Жұмысының мәртебесін анықтату;*
- *Өзіндік жеке ескертпелер жазу арқылы да рефлексия жасауға болады. Мысалы бір оқушы тым әсершіл адамдарға оқуға болмайды деп анықтап көрсетуі—*

<i>Тақырыбы</i> <i>Қай шығарманың негізінде жазылғаны</i>	
<i>Рейтинг</i>	
<i>Жанр</i>	
<i>Көлемі</i>	
<i>Мәртебесі/статус</i>	
<i>Кімге оқуға болатыны</i>	
<i>Қысқаша мазмұны</i>	
<i>Арнау</i>	
<i>Басқа жерде жариялануы</i>	
<i>Автор ескертпелері</i>	
<i>Бета</i>	

### **Шығармашылық жанрдың тиімділігі қандай?**

**1.** Оқушылардың қиялын оятады.

Фанфик оқушылардың шығармадағы кейіпкерлерді шынайы адам ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл жерде қосалқы Т/Ж 3 «Көркем шығармадағы образ» оқу мақсаттарын іске асыруға болады.

**2.** Оқушылардың назарларын шоғырландырып оқуға

мүмкіндік береді.

*Жақсы фанфик жазу үшін тек қана қиял жеткіліксіз. Ол үшін шығарманы мұқият оқып шығу қажет: оқушылар сюжетті, кейбір оқиғалардың мән-жайларын, детальдарды, кейіпкерлердің сөйлеу мәнерлерін қайта-қайта еске түсіріп отыруы қажет. Бұл жерде қосалқы Т/ЖІ. «Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні» оқу мақсаттарын іске асыруға болады.*

**3. Автордың өзіндік қолтаңбасына назар аудартуға үйретеді.**

*Тапсырма беріп, жазылған мәтінді күту маңызды емес, маңыздысы мәтін жазылып болғаннан кейінгі жұмыс: талқылау, жазылған мәтін автордың көркем әлемінде қаншалықты орынды. Бұл жерде қосалқы А/ИІ. «Автор бейнесі» оқу мақсаттарын іске асыруға болады.*

**4. Мәтін арқылы өзінің күйзелісі туралы айтуға көмектеседі.**

Фанфик шығармашылық жұмыс түрін пайдалана отырып, оқушы өзі жазған мәтінінде тек қана оқыған шығарма туралы ғана сөз етпейді, ол өзінің қиялы, көзқарасы туралы сөз етеді. Француз әдебиеттанушысы, философ Ролан Барт «Оқу – жазудың жолсерігі болуы тиіс» деген екен.

P.S Тақырыптың сабақ үстінде жүзеге асуын төмендегі сілтеме бойынша көре аласыз:

Қазақ әдебиеті, 7 сынып, 4 тоқсан <https://www.youtube.com/watch?v=VHOamVdsQkk>

## ЖАРЫҚБАС БАҚСЫ

Қазалы, «Дәуқара» өңірінде аты әйгілі Жарықбас бақсы Жауырбайұлы – ХІХ ғасырда өмір сүрген атақты діни ағартушы. Атақты діни ағартушы дейтініміз – Жарықбас аты аңызға айналған әруақты жан, діни медреседе оқып білім алған, қасиетті адам болған. Оның бақсылық өнеріне халық тәнті болған, қара қобызын арқалап, ел арасында емшілік қасиетімен даңқы шыққан. Жарықбас бақсы жайлы ел арасында аңыз әңгімелер көп...

Әйгілі Жанқожа батырдың үлкен әйелі (*бәйбішесі*. М.Ә.) Жаксыбике осы Жарықбастан туылады. Жарықбастың руы – Әлім. Әлімнің Жақайым тайпасынан, Жақайымның Байғара – Теке руынан. Ал Жарықбастың әкесі Жауырбайдан тарихи тұлға – Жаманбала батыр туылады. Жаманбала батыр туралы ел арасында қызықты әңгімелер бар. Халық ақындары шығарған өлең-толғаулары да баршылық...

Жарықбас бақсыдан Сыдық, Абабүкір, Сейіл, Ботпарақ атты төрт ұл, Барша атты қыз өрбиді. Жарықбас бақсының үлкен ұлы Сыдық әке жолын қуып, бақсылық жолға түседі. Сыдық бақсы 1869-жылы туылып, 1945-жылы қайтыс болады. Сыдық

бақсы емшілік қасиеті мен елге белгілі болады. Әкесі Жарықбастан қалған қара қобызды күнірентіп тартып, сырқат адамдарды емдейтін болған. Әкесі баласы Сыдыққа бақсылық өнерді жалықпай үйретеді. Жарықбас бақсыны халық «Жарықбас ишан» деп те атаған, себебі Жарықбас діни медреседе оқыған.

Сыдық бақсыдан Алпар, Арқар, Тұлпар атты үш ұл, Жұмабике, Сырғабике атты екі қыз өрбиді. Жарықбас бақсының балаларының бірі – Абабүкірден Ақшабике туылады. Онан ер бала болмайды. Сейілден Омар, Оспан атты екі ұл өрбиді. Омар халыққа танымал жырау әрі талантты ақын болған. Омардан ұрпақ жоқ. Оспаннан Базар атты қыз туылады. Базар Оспанқызы қазір сексен жаста Нөкіс қаласында тұрады.

Ботпарақтан ұрпақ жоқ. Баршадан Күлпаш атты қыз, Насыратдин атты ұл өрбиді. Күлпаштан Мәмбет, Шәмшет, Қалқаман атты ұлдар өрбиді...

– *Жарықбас атамыз сексен жасында дүниеден өтті деп әкем Сыдық әңгімелеп отыратын еді, –* дейді Алпар қария өткен күндерді есіне алып. – *Ол кезде әкеміз отыз екі жаста екен.*

Сыдық бақсы Жарықбасұлының 1869-жылы туылғанын ескерсек, әкесі сексен жаста қайтыс болғанда, Сыдық отыз екіге келсе, Жарықбастың қайтыс болған жылы – 1899-жыл. 1899-дан сексен жасты алып тастасақ, 1819 болады. Демек, Жарықбас бақсы 1819-жылы туылып, 1899-жылы 80 жасында қайтыс болады.

Әлім-Шекті руынан шыққан Жанқожа батырдың халық үшін отқа түскен аяулы азамат екенін біз білеміз. Жанқожа батыр туралы тарихшы-ғалым

Тотай Тұрлығұлов былай деп жазады: «...*Ауыр тұрмысқа шыдамаған қазақтар патша үкіметінің отаршылдығына қарсы дүркін-дүркін көтерілістерге шықты. 1856-1857 жылдары Сырдария өзенінің төменгі ағысы тұсында болған көтерілісті тағы да Жанқожа Нұрмұхамедұлы басқарды. Оның халық алдындағы қызметін қазақ халқының көрнекті ұлдарының бірі, теміржол инженері әрі тарихшы Мұхаметжан Тынышбаев: «Барлық үш Орданың ең бір атақты батыры және биі, қазақтың бостандығы үшін күрескен Жанқожа батыр (әлім, шекті) орыстарды да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да, хандарды да мойындаған емес...» – деп әділ бағалады...»*

Жанқожа батыр жайлы дерек келтіріп отырған себебіміз – Жарықбастың Жақсыбике деген қызы Жанқожа батырдың бәйбішесі болған.

\* \* \*

Алпар Сыдықұлы атасы Жарықбастың бақсылық өнері жайлы қызықты әңгімелер өрбітеді:

– Әкем Сыдық 1945-жылы қайтыс болды. Мен ол кезде он тоғыз жасар жігіт едім. Әкемнің бақсылық өнерін өз көзіммен көрдім. Оның киелі қобызы әлгі күнге дейін көздің қарашығындай сақтаулы.

Әкем Сыдық сөзге шешен, ақынжанды адам болды. Арғы атамыз Жауырбай туралы, онан өрбіген Жаманбала батыр туралы әңгімелерді әкемнен есіттім. Бақсылық қасиет атамыз Жауырбайда болған. Жауырбайдан Жарықбас туылады. Жарықбастың шын аты Тәуірбай екен. Тәуірбай сегіз жасында мұзға тайып жығылып, басын мұзға соғып, басын жарып алады. Көк мұздың үсті қып-қызыл қанға боялып, Тәуірбай есеңгіреп жатады.

Жауырбай мұз үстінде жатқан баласы Тәуірбайды үйіне әкеліп, жылы жерге жатқызып, жарылған басын орамалмен таңып тастайды. Тәуірбайдың басын кесек-кесек болып жатқан ойылған мұздың бөлектері кесіп кеткен екен. Тәуірбайдың жарылған басы бір күннен соң емес, бір сағаттан соң жазылып кетеді. Сол күннен бастап оны Жарықбас деп атап кеткен дейді...

Ол кезде біздің аталарымыз Жауырбай, Жарықбастар Арал теңізінің жағалауында, кішігірім аралдарда өмір сүрген. Мал баққан, балық аулаған...

Жауырбайдан Жаманбала, Жарықбас (Тәуірбай) туылады.

Жаманбала – әйгілі батыр болған. Елін басқыншылардан қорғаған. Елі үшін, жері үшін үнемі ат үстінде қару асынып өткен ардақты азамат болған.

Жарықбас ишан күйші де болған. Қара қобызын күңіретіп, күй тартқанда, қасқырлар ұлып, даланы басына көтерген. Түйелер боздаған. Сиырлар мөңіреген. Сырқат, ауру адамдар ауруынан құлан-таза айығып кеткен.

Жарықбас қара қобызбен күй тартып ауру адамдарды әуеннің сикырлы күшімен емдеген. ***Қазақ күйлерінің мұндай тылсым сырларын әлі ешкім зерттеп, қомақты пікір айтқан жоқ...***

Жарықбас ишан «Жалаңаяқ ишан» деп те аталған. Мұны біз жоғарыда айттық. Басына әруақ қонған Жарықбасты кейін халық құрметтеп «ишан» деп, «Жарықбас ишан» деп атап кеткен. Қобызын күңіреткен, үстіне алба-жұлба киім киіп, қолына қамшы ұстап, қамшымен жерді ұрғылап, зікір салып,

сырқат адамдарды емдеген, халықтың алғысын алған.

*Жарықбас бақсы атақты,*

*Елге сыйлы азамат.*

*Тартқан күйі қобызбен,*

*Ауруға әм де сауға да,*

*Әсер еткен галамат.*

*Жарықбасым – пір болған,*

*Тартқан күйі дұр болған,*

*Төңірегі жыр болған... – деп, Өтім жыраудың*

жырлап жүрген Жарықбасы осы.

Жасы қырықтан өткен соң «Жалаңаяқ ишан» аталып кетеді. Қыстың қыраулы күндері, түкірік жерге түспейтін үскірік суық күндері ол қарды кешіп жалаңаяқ жүреді екен. Көк мұздың үстінде, қалың қарды тізесіне дейін кешіп жүретін Жалаңаяқ ишан туралы ел аузында қызықты әңгімелер өте көп.

– Бұл жалған әңгіме емес, – дейді Алпар Сыдықұлы.  
– Атамыз Жарықбас ишан жайлы, Жалаңаяқ ишан жайлы әңгімелерді білетін қариялар қазір де бар. Олар Жарықбас ишанның тарихи тұлға екендігін дәлелдеп береді.

*Мен Жарықбас – Жалаңаяқ ишан жөнінде әңгімелерді әкем Сыдық бақсыдан есіттім. Сыдық Жарықбастың баласы...*

Шынында, мұндай әруақты адамдардың ел ішінде бұрынғы кездері болатындығы таңқаларлық оқиға емес. Басына әруақ қонған, болашақты болжай білген, ауру адамдарды емдеген адамдар жайлы әңгімелер, жыр-дастандар, өлең-толғаулар ел ішінде өте көп...



## **СӨЙЛЕМНІҢ ӘРТҮРЛІ АСПЕКТ ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРТТЕЛУІ**

*(Исследование предложения в различных  
аспектах.*

*Research proposals in various aspects.)*

**Аңдатпа.** Мақала сөйлем аспектілерінің тіл жүйесіндегі орнын қарастыруға бағытталған. Талдау заманауи лингвистикалық әдебиетте сөйлеуді коммуникация бірлігі ретінде қарау керек деген түсінікке негізделген. Сөйлемді зерттеу кезінде коммуникативтік аспект қарым-қатынас үстінде пайда болатын тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Коммуникативтік-прагматикалық тәсілде сөйлемді зерттеуге сөйлем семантикасына әрқелкі прагматикалық факторлардың әсерін зерттеу керек деген қағида ұсынылады.

**Кілт сөздер.** Сөйлем аспектілері, лингвистикалық әдебиет, коммуникативтік аспект, прагматикалық факторлар.

**Аннотация.** В статье рассматривается предложение в аспекте языковой системы. В статье обосновывается, почему речь в современной лингвистической литературе должна рассматриваться как единица коммуникации. Коммуникативный аспект при исследовании предложения позволяет выявить особенности языковых

единиц коммуникации. Представлен принцип влияния различных факторов на семантику предложения при коммуникативно-прагматическом подходе.

**Ключевые слова.** Аспекты предложения, лингвистическая литература, коммуникативный аспект, прагматический фактор.

**Annotation.** The article deals with the proposal in the aspect of the language system. The article proves why speech in modern linguistic literature should be considered as a unit of communication. The communicative aspect in the study of the sentence makes it possible to identify the characteristics of linguistic units of communication. The principle of the influence of various different factors on the semantics of the sentence is presented in a communicative-pragmatic approach.

**Keywords.** Aspects of the sentence, linguistic literature, comm

Сөйлем – тіл жүйесіндегі ең күрделі бірлік болып табылады. Оның күрделілігі, *біріншіден*, құрамы шектелмеген, *екіншіден*, сөйлем элементтерінің көп жоспарлы қатынасымен байланысты, *үшіншіден*, мазмұн мен форма арасында көптеген қиындықтар пайда болуы мүмкін. Сондықтан жоғарыда айтылғандардан басқа, сөйлем аспектілерін анықтауда да қиындықтар туындайды. Бұл арада еске түсіре кетейік деп отырғанымыз сөйлемнің үш аспектісі – *құрылымдық, семантикалық және прагматикалық*. Сөйлем мазмұны мен формасы бойынша сипатталады. Әр сөйлемнің өз ерекшелігі бар. Бәрінен бұрын сөздің сөйлем ішінде біріккен кезде жай ғана сөз жиынтығы емес, қалай сөйлемге айналғанын анықтау

керек. Сондықтан сөйлемнің осы аспектісін сөйлемді **құрылымдық ұйымдастырудың аспектісі немесе жай ғана құрылымдық аспектісі** деп атауға болады. Бұдан басқа, грамматикалық мағыналардың формалды көрсеткіштерін де зерттеу керек. Бекітушілік, жоққа шығарушылық, қозғаушылық, сұрау, өзіндік, өзгелік – осы және басқа да көптеген мазмұндық белгілер сөйлемнің синтаксистік сипаттамасында өз орнын табуы керек.

Сөйлемнің **екінші аспекті** – **семантикалық** – сөйлемнің кейбір мағыналық белгілері туралы айтылғанда сөз болды. Семантикалық белгілер сөйлем компоненттерінде де болады, мысалы, бағыныңқы сөйлемдер, сөйлем мүшелері (толықтауыш, пысықтауыш және т.б.), салалас құрмалас сөйлемнің бөліктері. Одан басқа «агенс», «патиенс» с.с. семантикалық мәндер сөйлем семантикасын зерттеу нысанына кіреді.

Бұдан басқа сөйлеу актілерінде қолданылатын сөйлемнің прагматикалық аспектіні бөліп көрсетуге болады. Оған сөйлемдердің бекіту, растау мағынасында, сұрау мағынасында, сендіру мағынасында т.б. күрделі жүйелі байланысын жатқызуға болады. Құрылымдық, семантикалық және прагматикалық аспектілер белгінің үш негізгі жағын – форма, мазмұн және пайдалану қамтитындықтан, негізгі болып табылады.

Сонымен сөйлемнің **прагматикалық аспекті** сөйлеу актілерінде қолданылады. **Сөйлемнің (сөйлеудің) коммуникативті интенциясы дегеніміз** – сөйлем қандай мақсатпен айтылғандығын білдіру.

**Сөйлемнің иллокутивті күші** – сөйлемді ешқандай мақсатсыз, өзі үшін айту (**жаттығу**

**мақсаттарында қолданылады, бала тілінде кездеседі).**

*Сөйлеудің перлокутивтік әсері – сөйлем өз мақсатында қолданылғандағы әсер.*

**Сөйлеу актілері** – қандай да бір мақсатты көздеуші (сендіру, қоқан-лоқы көрсету, өтініш айту, кеңес беру, бұйыру) коммуникация актілері. Осымен байланысты келесі прагматикалық сөйлем мен прагматикалық құрылым типтерін бөліп көрсетуге болады.

Полипредикативті күрделі сөйлем көп аспектілік тұрғысынан зерттеледі. Оның негізгі ерекшеліктерінің бірі – қарым-қатынас құралы болуы, сондықтан сөйлемді коммуникативті прагматикалық аспектіде зерттеу полипредикативті сөйлемдердің қалыптасу табиғатын әр қырынан түсіну үшін маңызды [1: 48; 2: 26]. Заманауи лингвистикалық әдебиетте сөйлем тіл бірлігін білдіріп, сөйлеуде оған коммуникация бірлігі ретінде қарау керек деген түсінік таралды. Коммуникативті бірліктегідей сөйлем сипаттамасы автордың мақсатын түсінуге мүмкіндік туғызады. Пікір білдірілген сөйлемде әркелкі көкейкесті ақпарат болады. Коммуникативті-прагматикалық мақсаттарға байланысты оған сәйкес міндеттер – хабарлау, түрткі болу, сұрау - іске асырылады. Автордың коммуникативті-прагматикалық мақсаты пікір білдірілген сөйлемнің актуалды мүшеленуін қамтамасыз етеді. Полипредикативті күрделі сөйлемдерде, сөз тәртібі мен интонациядан басқа, оның актуалдануына предикативті бөліктердің өзара орналасуы да қызмет етеді. Дегенмен, пікір білдірудің қалыптасуына лингвистикалық қана емес,

экстралингвистикалық факторлар да қатысады, сондықтан коммуникативтік аспектімен прагматикалық аспект де қабысады. Прагматикалық ғылымның терминологиялық аппаратын ұйымдастырушы негізгі түсінік коммуникативтік жағдаят, адресант, адресат, интенция, сөйлеу акті болады. Сөйлеуші, жазушы, тыңдаушы немесе оқушы адамның мүмкіндігін зерттеу сөйлеу актілері туралы ілімнің шығуына түрткі болды. ***Сөйлеу актілерінің дәстүрлі үлгісі ажырамас бүтіндікті көрсетеді: адресант – мәтін – адресат.*** Аталған компоненттердің біреуін алып тастаса, тілдік коммуникацияның болуы мүмкін емес. ***Политпредикативті күрделі сөйлемдердің негізгі түсінігі – адресант және адресат.*** Адресант интенциясы, оның қағидалары, көзқарастары, түрткі болатын және бағалаушылық ниеті, ұстанымы мазмұны жағынан коммуникативті-прагматикалық мақсаттармен қамтылған сөйлем арқылы тікелей іске асырылады. Сөйлемді зерттеу кезінде коммуникативтік аспект қарым-қатынас үстінде пайда болатын тілдік бірліктердің ерекшелігін көрсетеді. Коммуникативтік-прагматикалық тәсілде сөйлемді зерттеуге сөйлем семантикасына әрқелкі прагматикалық факторлардың әсерін зерттеу керек. Қазіргі кездегі зерттеушілердің айтуынша, сөйлем оқшау түрінде емес, нақты коммуникативті-прагматикалық жағдайында зерттелуі керек. Тілдік бірліктердің қалыптасуында адам тілдік жеке тұлға ретінде байқалады. Сондықтан антропоцентристік тәсіл *«түп негізінде адами фактордың белсенді рөл атқаратындығын мойындау жатқан осы немесе басқа ақиқат құбылыстардың*

*дамуында»* маңызды болып табылады [3: 25]. Бұндай тәсіл – сөйлеу әрекетін зерттеуге тілдік құбылыстардың қалыптасу жүйесінде адамның атқаратын рөлін зерделеуге мүмкіндік береді.

Заманауи публицистикалық мәтіндерде зерттеушілер тұрақтанған жанрлық жүйенің өзгеруін белгілейді. Автор өз ойын жанрлық шекті кеңейте отырып, публицистикалық мәтінді әлеуметтік әсер етудің белсенді құралы ретінде сөйлеудің коммуникативтік кеңістігінде жүзеге асырады. Публицистикалық мәтіннің негізгі интенциясы – бір нәрсеге адамның көзін жеткізу, сендіру. Адресат бейсанасын ашық, эксплициттік, сыры ашылмаған мәтін арқылы және имплициттік әсермен көзін жеткізіп, оқырман санасына әсер етеді. Сөйлеуді қуаттаудың насихаттаушы стратегиясы ретінде полипредикативті күрделі сөйлемдерді жарнамалық мәтіндерде қолданады: Түсімізге кірген және армандағанда рахатқа бөлейтін, күтпеген кездесулер мен таңғажайып өзгерістердің барлығын – жаңа топтама Samsung La Fleur іске асырады [4: 29]. Адресант жарнамада орнаған тәртіпке сай өзіне тән айла-тәсілдерді қолданады, мысалы, логикалық дәлелдер «күтпеген», «таңғажайып» ақиқатқа негізделген бояулы, жалынды ұйғарымдармен алмастырылады. Полипредикативті күрделі сөйлемдердің предикативті бөліктерінің өзіндік құрылысы, ойланып ақылға салынып орналасуы сөздің үйлесімділік, тиімділік, жатықтық әсерін жасайды. Автор мәжбүрлеусіз әңгімелескен сипат таныта отырып, мақсатты түрде сырын ішіне бүккен мәтін арқылы жаңа басылымның артықшылығына адресатты сендірумен

оның бейсанасына ықпал етеді, мысалы, «Журнал неліктен «қалалық» деген сұраққа жауап, меніңше, айдан анық: Краснодарға премиум қатардағы жылтырақсыз, жағымпазданбайтын және шарықтамайтын, жайдары мәтіндермен, адами тақырыптармен және көңілді әрлендірмелермен безендірілген қарапайым қалалық басылымдар жетіспеді» [5: 3]. Публицист өзінің ұстанымын оқырман сезіміне әсер ету арқылы жеткізуі – елеулі интенционалдық категорияның бірі – **стилистикалық үндестілік**. Жазып отырған мәтінге жалынды түрде қабылдауды кірістіру ғана емес, оқырманның бейсанасына әсер етуді де сөйлем мен мәтін құрастыруда амалдап пайдаланған автордың мақсаты осылайша жүзеге асады. Оған мынадай мысал келтіруге болады: «Ауылдағы өрнеулік онсыз да осал, нәзік, жіпті тартып қалсаң – қатты дыбыстан қайыңдар қалтылдайды, ойып жасалған жақтаулар дірілдейді, соқпақ жол селкілдейді, төмен қарай аязды аппақ шаң-тозаң жауады... [6: 48]. Сөйлемдегі лексикалық синонимдер (селкілдейді, қалтылдайды) мен арнайы құрылымдар баяндау сыршылдығын инверсияға дейін жеткізеді (осал, нәзік жіп; қайыңдар қалтылдайды, соқпақ жол селкілдейді, шаң-тозаң жауады). Публицистикалық мәтінде автор ұстанымының бейтараптығы болмайды. Адресаттың көзін жеткізу үшін автордың еріктілік қағидасын, оның құндылықты мақсатын ашатын стилистикалық үндестілік пайдаланылады [7: 441].

## Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Марченко Е.П. Полипредикативные сложные предложения в современном русском языке: структурно-семантические, коммуникативные и текстообразующие потенции: монография. Краснодар: Изд-во КубГУ, 2003. 250 с.

2. Марченко Е.П. Полипредикативные сложные предложения в современном русском языке // Русский язык в школе. 2004. № 3. С. 26-32.

3. Энциклопедический словарь-справочник лингвистических терминов и понятий. Русский язык: в 2 т. Т. 1 / А.Н. Тихонов, Р.И. Хашимов, Г.С. Журавлёва [и др.]; под общ. ред А.Н. Тихонова, Р.И. Хашимова. М.: Флинта: Наука, 2008. 840 с.

4. Кайда Л.Г. Эффективность публицистического текста. М., 1989. 183 с.

5. Воробьёва А. Колонка редактора // Свежий номер. 2010. Октябрь. С. 3.

6. Лесная М.В. Лингвокреативные ресурсы нарративных методик новостийности в публицистической сфере // Вестник Адыгейского государственного университета. Сер. Филология и искусствоведение. 2009. Вып. 1 (41). С. 77-81.

7. Бондарев Ю.В. Мгновения. М.: Современник, 1987. С. 438-442.



## Ұстаз ұсынысы




**А.Т. КОКЕТАЕВА,**  
№25 С. Сейфуллин атындағы  
жалпы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Түркістан облысы,  
Келес ауданы

# ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАНЫҢ ЫҚПАЛЫ

<b>Мақсаты:</b>	Оқушылар өздерінің жеке тұлға болып қалыптасуына әлеуметтік ортаның қаншалықты ықпал ететінін біледі.
<b>Күтілетін нәтиже:</b>	Жеке тұлға болып қалыптасқан, ХХІ ғасыр дағдылары қалыптасқан оқушы.
<b>Сабақта қолданылатын құрал-жабдықтар:</b>	Интербелсенді тақта, түрлі-түсті жүректер, плакаттар, маркерлер, «Анамның иісі» әңгімесінің мәтіні, «Атақты иран ұстазы» фотосуреті, бейнеролик, мультфильм, «Даналық ағашы» мен стикерлер.

<b>С а б а қ т ы ң кезеңдері:</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушының іс-әрекеті</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>1. Ұйымдас-тыру кезеңі. Амандасу.</b>	- А д а м б о й ы н д а ғ ы жылу мен м е й і р і м жүректен	- М ы н а у менің оң қолым, Мынау менің сол қолым, Барлық істі	<b>Интер-белсенді тақта</b>

<p><b>Психологиялық тренинг. Мотивация.</b></p>	<p>шығады. Әрқайсысымыз өз жүрегімізден алған жылуымызды түсіріп алмай, бір-бірімізге ұсынайық (Оқушылар бір-біріне жүректерін ұсынады). Еппен алақанымызды қысып, жүрек жылуын сезінейік.</p> <p>Жағымды атмосфера қалыптастырады. Түрлі-түсті жүректер арқылы оқушыларды 3 топқа бөледі.</p>	<p>атқарған. Мынау басымы ақылды Барлық істі басқарған. Мынау менің жүрегім Бәрі осыдан жаралған. (Оқушылар бір-біріне жүректер ұсынады) Жүректердің түстеріне қарай 3 топқа бөлінеді.</p>	<p><b>Түрлі-түсті жүректер</b></p>
<p><b>2. Сабақтың тақырыбын ашу.</b> «Мінға шабуыл» әдісі</p> <p>10 минут</p>	<p><b>1.«Атақты ирандық ұстаз» фотосуретін көрсетеді.</b></p>  <p><b>2. Сабақтың тақырыбын ашу үшін сұрақтар қояды:</b></p> <p>а). Мына суретке мұқият қарап не байқадыңдар?</p> <p>ә). Мұғалім мен оқушы арасында қандай байланыс бар?</p> <p>б). Баланың қалыптасуына, өзін-өзі реттеуіне мұғалімнің ықпалы қаншалықты маңызды?</p>		

	<p><b>3. Суреттің тарихы жайлы әңгімелейді.</b></p> <p><b>4. Сабақтың тақырыбын оқушыларға ашқызып, жаңа сабаққа байланысты сұрақтар қояды:</b></p> <p><b>а). Әлеуметтік орта дегенді қалай түсінесіңдер?</b></p> <p><b>ә). Өзін-өзі реттеу, дамыту деген ұғымға қандай түсінік бересіңдер?</b></p> <p><b>б). Қалай ойлайсыңдар, баланың өзін-өзі реттеуіне, жеке тұлға болып қалыптасуына сендер айтқан әлеуметтік ортаның ықпалы бар ма? Бар болса қандай?</b></p>	<p>Оқушылар мұғалім ұсынған суретті көріп, фотосурет бойынша өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді. Кейіпкерге кері байланыс береді. Өздерінің ұсыныстарын айтады. Пікірталас ұйымдастыру арқылы диалогқа түседі. Тақырыпты ашады.</p>	<p><b>Интербелсенді тақта</b></p> <p><b>Фотосурет</b></p>
<p><b>Топтық жұмыс</b></p> <p><b>10 минут</b></p>	<p><b>«Джигсо» әдісі. «Анамның иісі» әңгімесі.</b></p> <p><b>5. Әр топқа әңгіменің мазмұны жазылған мәтінді таратып береді.</b></p> <p><b>6. Әңгіменің идеясын ашқызады.</b></p>	<p><b>Әңгіме мазмұнын топта талқылайды. Әңгімедегі баланың реттелуіне мұғалімнің жасағаны қпалы жайлы өз ойларын ортаға салады.</b></p>	<p><b>«Анамның иісі» әңгімесінің мәтіні</b></p>
<p><b>10 минут</b></p>	<p><b>7. «Аналар әрқашан өз перзентіне сеніммен қарайды» бейнеролигін көрсетеді.</b></p>		

<p><b>10</b> минут</p> <p><b>15</b> минут</p>	<p><b>8.</b> «Қошақан мен Бұғы» философиялық мультфильмін көрсетеді.</p> <p><b>9.</b> «Орта қалай ықпал етеді...» (постер қорғау) Бейнеролик бойынша пікірталасу. Оқушылар өз ойларын айтады.</p>	<p><b>Мультфильмдегі қошақанның реттелуіне әлеуметтік ортаның ықпалы жайлы өз ойларын айтады.</b></p> <p><b>1-топ</b>-ата-ананың ықпалын, <b>2-топ</b> - достарының ықпалын, <b>3-топ</b> -мұғалімнің ықпалын тақырыбында постер қорғайды.</p>	<p><b>Бейнеролик Мультфильм «Қошақан мен Бұғы»</b></p> <p><b>Плакаттар мен түрлі-түсті маркерлер</b></p>
<p><b>Кері байланыс.</b> «Даналық ағашы» әдісі <b>3</b> минут</p> <p><b>Қорытынды</b> <b>2</b> минут</p>	<p><b>Кері байланысты «Даналық ағашы» арқылы беруге нұсқау береді. Оқушылардан кері байланыс алады.</b></p> <p><b>Мұғалім атақты теоретик-зерттеуші Л. Выготскийдің «Кішкентай балалар қоршаған ортамен және адамдармен әрекеттескен кезде оқуы мен дамуы іске асады» деген сөзімен сабақты қорытындылайды.</b></p>	<p><b>Оқушылар «Даналық ағашы» арқылы кері байланыс жасайды, қорытындылайды, бағалайды, алған әсерімен бөліседі.</b></p>	<p><b>«Даналық ағашы», алма формасындағы стикерлер</b></p> <p><b>Интербелсенді тақта</b></p>

Қ. Қ. ШАЙХОВА,  
Манашы орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Бейнеу ауданы

## ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

Қай кез болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұраттың бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. *«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек»* деп әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидің осы бір сөзін білмейтін ұстаз жоқ шығар.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Болашақтың иелерін жан-жақты жетілген, сан-саналы, ақыл-парасаты мол, ғылыми-мәдени өрісі озық етіп тәрбиелеу – ата-ана мен ұстаздың қоғам алдындағы борышы.

Атақты педагог В.Сухомлинский *«Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сондай бола алады»* делінген. Өсіп келе жатқан шәкіртке сапалы білім беріп, оның жүрегіне адами қасиеттерді үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, қоршаған ортамен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Мектептегі берілген тәрбие балалардың адамгершілік сана-сезімін, мінез-құлқын қалыптастыруды қамтиды.

Ата-ананың болашақ иелерін тәрбиелеудегі жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» делінген. Демек, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы – балаға үлкен сабақ. Сол үшін әрбір ата-ана мектеппен тығыз байланыс орнатып, балаларының парасатты, білімді, мейірімді азамат болып өсуіне ықпал жасау керек. «*Баланы таба білсең, баға да біл*», «*Баланы сүйсең, тәрбиесін сүй*», «*Баланы мақтау жетілдірмейді, тәрбиелеп баптау жетілдіреді*» деген ұлағатты сөздер баланы құр айналып-толғанбай, оны бесіктен белі шықпай тәрбиелеу қажеттілігін, тәрбие отбасынан, ата-анасынан басталатынын нақтылай түседі. «*Баланың бас ұстазы – ата-анасы*» деп бекер айтылмаса керек. Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде егеменді еліміздің ертеңгі мұрагерін тәрбиелеуде, қоғамның дамуына үлес қосатын мамандар даярлауда мектеп, мұғалім, ата-ана бірімен-бірі біте қайнасып жұмыс жасауы керек. Мемлекет жас ұрпақты тәрбиелеуде осы негізгі мақсатты жүзеге асырғанда ғана, ертеңін ойлайтын мемлекет болмақ. Бала тәрбиесі үшін мектепке барар жолдың қилы түрлері бар.

***Біріншіден, әр оқу тоқсанында баланың ата-анасымен байланыс жасау.*** Мектептегі болатын жиналысқа шақыру. Ата-анамен ашық және еркін сөйлесе білу. Көкейіндегі сұрақтарды ортаға салып, бір-бірімен талқылап шешеді. Кейбір үлкен әжелердің кеңесі тыңдалып, жас ата-аналар үлгі алады. Жаңа форматтағы тренингтер өткізуге болады. Ата-аналар мұндай тренингтерге қызыға қатысады.


***Екіншіден, ата-ананы мектепке шақыру – қарым-қатынастың бір түрі.*** Оқушының үстінен шағым айту емес. Олармен жеке әңгімелесіп, оқушының үйдегі тұрмысы, мінез құлқының ерекшелігі, жалпы тәрбие мен оқытудың кейбір мәселелері туралы сөйлесуі қажет. Ата-ана мен ұстаз бала тәрбиесі туралы үнемі ақылдасып отыруы қажет. Отбасына баруға үнемі мүмкіндік бола бермейді. Сондықтан мектепке ата-ананы шақырып әңгімелесудің бала тәрбиесіне ықпалы зор.

***Үшіншіден, ата-ана мен ұстаздың арасындағы қарым-қатынастың бір түрі – жазбаша пікірлесу.*** Оқушының мектептегі игі ісі мен жағымсыз қылығы туралы жазған хатқа ата-ана жауап жазып отырады. Ата-аналар өзінің баласының бос уақытының қалай өткізгенін, шаңырақтағы жаңалықтарын да жазып жатады.

Міне, ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынас үздіксіз жалғасып жатады. Әрине, тек мектептегі кездесулермен шектелмей, оқушылармен бірге алуан түрлі мәдениет орындарына, театр мен мұражайларға, тарихи орындарды тамашалау үшін саяхаттарға шығуды әдетке айналдырған дұрыс. Сонымен қатар ұстазымен ғана емес, ата-анасымен бірге қызықтаса, баланың есінде ол мәңгі қалмақ.

## Шындық пердесі

**А. Н. АБИШЕВА,**  
«Жалпы білім беретін  
№2 орта мектебі» ММ-нің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Маңғыстау облысы,  
Ақтау қаласы



## ЭКРАН – ҰЛТТЫҢ АЙНАСЫ

*«Ел боламын десең, бесігіңді түзе»,* – деген екен ұлы жазушы Мұхтар Әуезов. Ғұламаның осы сөзін бүгінде *«Ел боламын десең, экраныңды түзе»,* – деп өзгертіп айтып жүргендер қаншама?! Расында да, қазіргі заманда ұлттың болашағы мен ұрпақтың келешегі «көгілдір экранға» тікелей байланысты. Бүгінде қай үйде болмасын, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін теледидарға телміріп отырған жайы бар. *Ал сол қазақ экраны қазақ көрерменінің сенімін қаншалықты ақтауда?* Бұл күні қай телеарнаны қосып қалсаңызда, қаптаған шоулар мен сиықсыз бағдарламалардан көз сүрінеді. Жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулаған көп жобаның ішінде ұлттық рухты оятып, ұлтшылдыққа, отансүйгіштікке баулып жатқаны некен-саяқ. Шетелден көшіріліп алынған, инкубатордан шыққан балапандар тәрізді бірінен-бірі аумайтын саны



бар сапасы жоқ кейбір телеарна туындыларының тыңдарманның құлағын қажап, жүйкесін жұқартып тұрғаны айдай ақиқат. Осындай дүниелер эфирден күні-түні сайрап, ал елдік, ұлттық мүддеге бағытталған бағдарламалардың экраннан көрінбеуі жанымызды жабырқатпаса, жадыратпасы анық. **Қазақи қалпымызға жат көптеген хабарлар телеарнаның рейтингін өсіргенімен, ұлттық болмысымыздың отын өшіріп жатқаны саналы адамды қынжылтпай қоймайды.** Бұл қатарға айтуға аузың, көруге көзің ұялатын бейәдеп жарнамаларды да қосыңыз. **Осыған қатысты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Үміт Битеноваға хабарласып, оның пікірін сұраған едім.** «Қазір көрерменнің сан алуан талғамына сай ана тілді арналарымыз бен ұлттық тіліміздегі түрлі бағдарламалар жетіп артылатын кең заманда теледидар уақытының басым бөлігін халқымыздың әдет-ғұрпынан алысқа реалити-шоу дегендер алуда. Оның көрермені көбінесе қыз-келіншектер қауымы. Эфирге дайындап шығаратын аутсорингтік компаниялардың айтуынша, көрермен қауымның басым көпшілігінің сұранысына ие ойын-сауықтық, танымдық форматтағы мұндай жобалардың «қолдан айқай-шу ұйымдастырып, адамдардың жеке ішкі өмірін талқылап, сары басылым әдістерін қолданбай», аудиторияны барынша жағымды дүниелермен баурауға күш салып, халыққа мейлінше интеллектуальды, танымдық-сараптамалық, ақпараттық өнім ұсынатын бағдарламаларының да барын жоққа шығарсақ жөн болмас. Өкінішке орай, солардың кейбірінің ғұмыры тым қысқа болатыны

қынжылтады. Бір кезде елдің ыстық ықыласына бөленген көптеген танымдық бағдарламалар көп уақытқа жетпей экраннан көрінбей қалды. Оның үстіне қазіргі шет елден көшірілген сапасыз шоуларды көргенде қазақ телеарналарында жаңашыл ойлайтын, креатив мамандар тапшыма деген ойға қаласың», – дейді танымал қаламгер. Ақынның бұл ойын республикаға танымал жас әнші Орынбасар Бақытұлы да құптайды. Оның пікірінше, рейтинг қуалап жүрген телеарна бағдарламаларының басым көпшілігі бір-бірін қайталау ғана болып барады. Олар ділімізге жат көптеген дүниелерді ашық насихаттау арқылы қоғамға орасан зор зиян келтіруде. Бұл екі пікірге біздің еш алып-қосарымыз жоқ.

**Ұрпақты тәрбиелейтін тағы бір басты құрал – ол кино.** Кино–идеология, кино–тәрбие, кино–бизнес, кино – туризм. Түріктің «Сүлеймен сұлтан» атты танымал телехикаясы бар. Сол телехикаядағы тарихи жерлерді көру үшін алыс-жақын шет елден мыңдаған турист Түркияға ағылған көрінеді. Міне, осыған қарап отырып, киноны бизнес пен туризмнің көзі екендігіне амалсыз иланасың. Қазақ халқының тарихы сол түріктердікінен бай болмаса, жұтаң емес. Алайда, неге екенін қайдам, біздегі тарихи кинолардың идея аясы тарылып, жоңғар соғысынан басқа тақырыпқа бара алмай жүр. Қыруар қаржыға түсірілген бір ғана «Көшпенділер» фильмінің өзі қазақ киносына деген сенімсіздікті ұялатты. Бұл кино жөнінде ерінбегеннің бәрі жазды, сынады. Әрине, «Қазақфильмнің» бар абыройы жалғыз «Көшпенділер» фильмімен өлшенбес. Бұған дейінде, бұдан кейінде талай тарихи фильмдер эфирге жол тартты. Арасында

сәтті шығып қошеметке бөленгендері де, керісінше, сын садағына ілінгендері де бар. Бірақ, сол құрметке кенелгендерден гөрі сынға ілінгендердің қарасы әлдеқайда жоғары. Отандық телехикаялардағы орны толмас олқылықтар жайлы мүлде сөз басқа. Ондағы жасандылық пен көзбояушылық кино мамандарының ғана емес, көзіқарақты көрерменің көзіне анық байқалады. Сөздік қолданыстағы өрескел қателіктер, әртістердің тіліндегі шұбарлық – осының барлығы қазақ тіліндегі телехикаялардың әлі де бір қайнауы кем секілді әсер қалдырады. Түрік пен кәрістің сериалдарына елтіген жұртты мұндай кинолар арқылы алдарқата алмайтынымыз анық. Сондықтан болар, кезінде Шәкен Айманов пен Абдолла Қарсақбаевтар түсірген киноларды әлі күнге малданып келеміз. Бұл корифейлер түсірген фильмдердің орны әрқашан төрде. Ел оларды көрген сайын рухани ләззат алады. Сол үшінде олар осы күнге дейін тұғыр биігінен түскен емес. Бір ғана *«Менің атым Қожа» фильмі* сол кездегі қаншама балдырғанның жүзіне күлкі үйіріп, елдің сүйіктісіне айналды. Талай бала осы кино арқылы тәрбиеленді, әлі де тәрбиеленіп келеді. Ал қазіргі көптеген сұрықсыз фильмдердің ғұмыры қашанға дейін созылатыны беймәлім.

Әлемде кино саласының үздіктерін анықтайтын «Оскар» деп аталатын мәртебелі сыйлық бар. Отандық кинотуындыларда осы марапатты алу үшін жылда үміткер атанады. Алайда, жыл сайын біздің кинолар жарыстың жарты жолына жетпей жатып-ақ шеттетіліп қалады. Бірде «Жайдарман» ойындарының бір әзілкеші осыған қатысты: *«Оскар» сыйлығына «Белсене*

қатысқаны үшін» деген номинацияны қосар болса, қазақстандық кинолар бірнеше мәрте жеңіп алар еді», – деп әзілдегені бар еді. Бір мезет залға жиналған қауымды күлдіру үшін ғана айтылса да, осы жеңіл қалжыңның астында қаншама зіл жатыр. Шынында, отандық кинолардың әлемдік киноиндустрияның есігінен ғана сығалауы үйреншікті әдетке айналғандай. Ал бұған кім болмаса не нәрсе кінәлі? Бұл жағы бізге белгісіз. **Жас буынның тәрбиесінде кинодан бөлек, мультфильмдердің де алар орны ерекше.** Қазақ анимациясы дегенде ең алдымен еске 1967 жылы Әмен Қайдаров түсірген **«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»** мультфильмі түседі. Қайдаров салған сара жолмен елімізде бірталай мультхикаялар түсірілді. Тек олардың бәрі жас көрермендердің талғамына сай келмей жатқан тәрізді. Себебі, бүгінде барлық бала көк жәшіктен тек шет елдің мультфильмдерін тамашалауға құмар. Қабанбайды танымаса да, Өрмекші адамды жатқа білетін, Бөгенбайды білмесе де, Бетменді жазбай танитын балдырғандардың көбейгені бәріміз көзбен көріп жүрген шындық. **Бесікте жатып Бэтменмен сусындап, жөргегінен Спанч Бобға еліктеп өскен бүлдіршін ертеңгі күні өз ұлтының емес, өзге жұрттың жыртысын жыртыпсына кім кепіл?** Еліміздегі анимация саласының тұралап тұрғанын айтып, мамандар сан жылдан бері дабыл қағуда. **Оған басты себеп – бұл салаға бөлінер қаржы тым мардымсыз, қолдау аз, маман тапшы.** Рас, еліміздегі мультпликааторлар жақсылы-жаманды бірталай дүниені жарыққа шығарды. Бірақ олардың басым бөлігі балдырғандарды елітіп әкететіндей, олардың

психологияларына негізделіп түсіріле бермейді. Сондықтан ата-аналар амалсыздан балаларын Маша мен аю арқылы тәрбиелеп жатыр. Машаның іс-әрекетін көрген бала келешекте үлкендерге соны қайталап, тілазар болып кетпейді деп кім толық сеніммен айта алады? ***Ертеңгі күні Маша мен Спанч Бобты көріп ержеткен бала қазақ емес, дүбара болып шықса обалы кімге болмақ? Бұл сауалдың жауабын табу қиын.*** Жыл басында елімізде «Кинематография туралы» Заң қабылданғаны баршаға мәлім. Осы заң жобасына киносыншылар мен өнертанушылар зор үмітпен қарап отыр. Ол үміттің қаншалықты ақталатынын алдағы уақыт көрсетер. Бастысы, осы заң аясында қазақ киносы мен анимациясының бойына қан жүгіріп, қарыштаса игі еді.

Экрандағы олқылықтар мен өрескел қателіктер туралы бұған дейін де аз айтылып, аз жазылған жоқ. Біздікі тек осыған үн қосып, экран туындылары қазақи болмысымыздан ауытқып кетпесе екен деген тілек қана. Рухани жаңғыруға бет түзеген елдің экранына да серпіліс пен сілкініс керек-ақ. Өйткені, экран – ұлттың айнасы. Ал, сол айнаға қарағанда ар жағынан кімді көретініміз айтпаса да түсінікті.

Л. К. ТАУБАЕВА,  
С.Жиенбаев атынағы  
орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәні мұғалімі.  
Ақтөбе облысы,  
Байғанин ауданы,  
Оймауыт ауылы

## МЕҢІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФИЛОСОФИЯМ...

(эссе)

Өмірге бала келеді. Ұрпағының жалғасқанына қуанған ата-анамен қоса, шарылдаған шарана даусына бүкіл әлем шаттанады. Себебі түсінікті...

Ақ парақтай жаратылған сәби санасы есейе келе қоршаған ортаның әсерімен және түрлі тәрбиенің ықпалына қарай қалыптасады. Ал, бала жанының бағбаны – ұстаз.

Бүлдіршін бойына гүл егіп, санасына нұр құятын ұстаздық соқпақ салмағы соншалықты ауыр екенін сезбеппін. Себебі, даналықты іздеп, ұлы жолға түскен жанның алдында үлкен міндет тұрады. Ол – еліміздің жарқын болашағын қалайтын, бойында «халқым» деген бұла сезімі бұлқынған отансүйгіш, зердесінде оқуға деген құштарлық тасыған, білімді де ойлы, ұлттық рух сіңірген тәрбиелі азамат қалыптастыру. Мен де сол игі міндет пен биік жауапкершілікті арқалаған, «ұстаз» деген абыройлы атқа ие болуға талпынған жанмын.

Ұстаздық қызметті биік баспалдаққа теңедім, өйткені зерделі жастың білім мен білік белестерінде үнемі өсу мен өрлеу болатынын білдім.

Бүгінде мұғалімге қойылатын талап өте салиқалы - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың жан-жақты қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытушы өз білімін ұдайы жетілдіру арқылы ғана оқушының талғамы мен талабын арттыруға үлесін қоса алады. «Сабақ беру жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп Ж.Аймауытов айтқандай, оқыту жүйесінде жаңа технологияларды пайдалану – тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Қазақ тілін оқыту – қиын да, қызықты іс. Ана тілінің тұнығын лайламай, сөз маржандарын тере отырып, бала жанын асылдандыру – көп еңбекті, жан-жақтылықты, шығармашылықты, терең білімді қажет етеді. Тарих қойнауындағы рухани жәдігерлерімізді жаңғырту мақсатында оқушылармен бірлесе жасаған «Шежірелі өлке – Доңызтау» тақырыбындағы ғылыми жұмысымыздың облыс көлемінен республикаға жолдануының өзі – талмай ізденген еңбек нәтижесі.

*... Адамның бір қызығы бала деген,*

*Баланы оқытуды жек көрмедім, –* деген данышпан Абайдың өсиеті әрбір ұстаз ұстанымына ұласты.

*«Мұғалім – рухани дамыған, педагогикалық құралдардың барлығын шебер меңгерген білікті маман. Ол жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастыру жолында үлкен жауапкершілікпен жұмыс істейді», –* деп сарабдал саясаткер Н.Ә.Назарбаев ұстаздарға құрметпен қарайды.

Білім және тәрбиесі мен халқына қызметтенген, дарыны мен талантын елінің болашағына бағыттаған,

рухы мен намысын ұлтының ұраны еткен ұрпақ өссе –  
ұстаздың ұлықталғаны.

– *Ұстаздық қиын іс пе еді?*

*Көпшілігі: «Қиын іс», - деді.*

*Еш бейнетсіз қай бақтың,*

*Жемісі тәтті піседі?!*

*Жақсы ана болсам балама,*

*Жақсы ұстаз болсам балаға.*

*Бір парыздың өмірлік,*

*Өтелгені болды да.*

*Түзу өссе «терегім»,*

*Тола түссе «кемелім».*

*Айқындалған бір мақсат,*

*Орындалды дер едім...*





Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс



А. Ж. КАЙРЛИЕВА,  
М.Мирманов атындағы ЖОББМ,  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

<p><b>С а б а қ қ а</b> негізделген оқу мақсаты</p>	<p><b>5.1.4.1.</b>Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау.</p> <p><b>5.3.5.1.</b> Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу.</p>
<p><b>С а б а қ</b> мақсаттары:</p>	<p><b>1.</b> Тірек сөздер мен жетекші сұрақтардың мағынасын түсініп, негізгі ақпарат бойынша сөйлемдер құрастырады.</p> <p><b>2.</b> Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап, жинақы мәтін жазады.</p> <p><b>3.</b> Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап, негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.</p>

<p><b>Бағалау критерийлері:</b> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Тірек сөздерді тауып, жетекші сұрақтар құрастырады.</li> <li>- Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды.</li> <li>- Мәтін бойынша негізгі ақпараттар желісімен жинақы мәтін жазады.</li> </ul>
<p><b>Ойлау дағдыларының деңгейлері</b></p>	<p>Білу, түсіну, қолдану.</p>
<p><b>Тілдік мақсаттар</b></p>	<p><b>Тілдік дағдылар:</b> <i>Тыңдалым, айтылым, жазылым.</i></p>
	<p><b>Терминология:</b> <i>салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тұсаукесер.</i></p>
	<p><b>Сөз тіркестері:</b> <i>ұрын бару, сырга салу, құда түсу.</i></p>
<p><b>Құндылықтарды дарыту</b></p>	<p><i>Құрмет; Ашықтық; Бінтимақтасдық; Қазақстандық патриотизм, Азаматтық жауапкершілік; Еңбек және шығармашылық.</i></p>
<p><b>Пәнаралық байланыстар</b></p>	<p>Тарих, әдебиет, өзін-өзі тану.</p>
<p><b>Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім</b></p>	<p>Әдет-ғұрып, салт-дәстүр, отбасылық мерекелер туралы біледі, түсініктері бар.</p>
<p><b>Жоспар</b></p>	

Жоспарланған уақыт	Ж о с п а р л а н ғ а н жаттығулар	Ресурстар
<p>Сабақтың басы (5мин.)</p>	<p>1.Ұйымдастыру кезеңі Тірек сөздер арқылы топқа бөлу.</p> <p>1. Сәбидің дүниеге келуіне байланысты салт-дәстүрлер (шілдехана, бесік той, тұсау кесу, тілашар, сүндет той).</p> <p>2. Үйлену тойына байланысты салт-дәстүрлер (құда түсу, сырға салу, ұрын бару, беташар, жар-жар).</p> <p>«Болжау» әдісі</p> <div style="display: flex; justify-content: space-around;">   </div> <div style="display: flex; justify-content: space-around; margin-top: 10px;">   </div> <p>- Осы суреттер арқылы сабақтың тақырыбын ашайық.</p>	

	<p>- Суреттер туралы не айтасыздар?</p> <p>- Қолдарыңыздағы тірек сөздер таныс па, бұл дәстүр туралы не білесіздер?</p> <p><b>ҚБ.</b> Жетекші сұрақтарға жақсы, толық жауап берген оқушыларды «Оооо, Жарайсың!» деген қошемет сөздермен мадақтау.</p> 	
<p><b>Сабақтың ортасы</b></p> <p><b>30 мин.</b></p>	<p><b>Т.Ж. 1-тапсырма.</b> «Тұсаукесер рәсімі» бейнежазба көрсетіледі.</p> 	
<p><b>10 мин.</b></p>	<p><b>«Қабырғадағы рөл» әдісі.</b></p> <p><b>1-топ.</b> Сұлба ішіне мәтін бойынша тірек сөздерді анықтап, жазыңыз.</p> <p><b>2-топ.</b> Сұлба сыртына</p>	

<p>10 мин.</p>	<p><i>мәтін бойынша ашық, жабық сұрақтар құрастырыңыздар.</i></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Бейнежазбаны көріп, тыңдайды.</i></li> <li>- <i>Бейнежазбадағы мәтін бойынша тірек сөздерді анықтайды.</i></li> <li>- <i>Бейнежазбадағы мәтін бойынша 3 ашық, 3 жабық сұрақ құрастырады.</i></li> </ul> <p><b>ҚБ. «Бір пікір» әдісі.</b> Топтар бір-бірін бір ғана пікірмен бағалайды.</p> <p><b>Саралау.</b> «Қарым-қатынас формалары бойынша саралау (топтық жұмыс)</p> <p><b>2- тапсырма.</b></p> <p><b>Ж.Ж. «Сканерлеп оқыту» әдісі</b></p> <p>Берілген мәтіннің түпнұсқасын мұқият оқып шығыңыз. Оқу барысында мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп отырыңыз. Кестенің екінші бағанына негізгі ақпаратты сақтай отырып, мәтін мазмұнын жинақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз.</p>	<p><a href="https://youtu.be/AQkMxojVEII">https://youtu.be/AQkMxojVEII</a></p> <p><a href="https://youtu.be/cZsM60knfbA">https://youtu.be/cZsM60knfbA</a></p>
--------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Түпнұсқа мәтін	Жинақы мәтін	<a href="https://kk.m.wikipedia.org/wiki">https://kk.m.wikipedia.org/wiki</a>
<p><b>Салт-дәстүр</b> – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес <i>ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері.</i></p> <p><b>Салт-дәстүр</b> – ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық, өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық <i>бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаса адамдарды сол заң негізінде жазалап отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды.</i></p>		

Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонақасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор.

**Салт - дәстүр байлығы** –

мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт – дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет-ғұрып, ишара, ырым, тыйым. Дағды – бәрі осы салт - дәстүр көрінісі.

**Дескриптор:**

- Мәтінді мұқият оқып, маңызды ақпараттарды түртіп алады.

- Негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді іріктейді.

<p><b>С а б а қ т ы н соңы (5 минут)</b></p>	<p><b>Кері байланыс. «Қосу, алу, қызықты» әдісі</b>  + - сабақта ұнаған, пайдалы болған ақпарат, жұмыс түрлері;  - - сабақта ұнамаған, түсініксіз болған, қажетсіз болған ақпарат, жұмыс түрлері;  <b>«Қызықты» - сабақтағы қызықты фактілер, мұғалімге қоятын сұрақтарын, нені білгісі келетінін жазады.</b></p>	
<p><b>Қосымша ақпарат</b></p>		

<p><b>Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</b></p>	<p>Саралау тапсырмалары мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Мұғалім өзі бағыттап жетелеп отырады. Саралап іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дербес көмек көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып, сабақтың кез-келген кезеңінде қолданылады. Саралау тапсырмалары бұл сабақта топтық, жеке жұмыстарда жүреді (Қарым-қатынас формалары бойынша саралау (топтық жұмыс),</p>
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



- *Мәтіндегі негізгі ақпараттарға сүйеніп, өз сөзімен ықшамдап жинақы мәтін жазады.*

**ҚБ. «Жасыл қалам»**  
(жұптар бірін-бірі бағалайды)

Дескрипторларға сүйеніп, дұрыс орындалса қанатша (V), түсініксіз болса сұрақ белгісін (?), дескрипторларға сәйкес орындалмаса, пікір қалдырады.

**Саралау «Ресурс немесе мәтін бойынша саралау»**

**ЖЖ. 3-тапсырма**

**«Жылдам дебат»**

**«Отбасыңызда қай салт-дәстүрді жиі қолданасыз?»**

Әркім өз пікірлерін жеке-жеке айтады. Себебін түсіндіреді.

**Дескриптор:**

- *Тақырып бойынша өз пікірін ашық айтады.*

- *Себебін түсіндіреді.*

**ҚБ. «Арқаға жазылған комплимент»** арқылы топ мүшелері бірін-бірі бағалайды.

**Саралау. «Нәтиже немесе жауап бойынша саралау»**

	<p>ресурс немесе мәтін бойынша саралау, нәтиже немесе жауап бойынша саралау).</p> <p>Қабілеті жоғары оқушыларға күрделі тапсырмалар, күрделі сұрақтар қоямын.</p> <p>Сыныптағы барлық оқушылардың орындай алу мүмкіндігін ескеріп отырамын.</p>
<p><b>Бағалау</b> - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? Сабақтың өн бойында жүргізілген барлық тапсырмалар дескриптор арқылы бағаланады. Бағалау критерийлерін басшылыққа аламын.</p>	<p>Оқушылардың өздеріне бағалатамын, өзім де бірге бағалаймын. Мысалы, мадақтау сөздер, «Бір пікір», «Үш Қ», «Арқаға жазылған комплимент» әдістері арқылы. Топтық талқылауға назар аударту керек, себебі талқылауға әр оқушы қатысуы керек. Олардың жауаптары арқылы нені түсінбей отырғанын, қандай көмек қажеттігін анықтауымыз керек.</p>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b> Сабақтың мақсаты шынайы ма? оқу</p>	<p>Сабағымның мақсаты шынайы болды деуіме болады,</p>

<p><i>Бүгін оқушылар не білді?</i>  <i>Сыныптағы ахуал қандай болды?</i>  <i>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?</i>  <i>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?</i>  <i>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</i></p>	<p>өйткені сабақта оқушылар қазақтың салт-дәстүрлері туралы түсініктерін толықтырды. Сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптасты. Оқушылар топтық, жеке жұмыстарға белсене қатысты, себебі берген саралау тапсырмаларым жеңіл, тиімді болды деп ойлаймын.  Берілген тиісті уақытты пайдаландым.</p>
<p><b>Қорытынды бағамдау</b></p>	
<p><b>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Жылдам дебат»</li> <li>2. «Қабырғадағы рөл»</li> </ol> <p><b>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Сабақ мақсатына сай берілген нақты тапсырма.</li> <li>2. Қалыптастырушы бағалау әдістері.</li> </ol> <p><b>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Тиімді әдіс-тәсілдер.</li> <li>2.«Қосу, алу, қызықты» тәсілі арқылы кері байланыс орнатып, жетіспейтін тұстарды келесі сабақта толықтыру, қосу.</li> </ol>	

**Б.С. ШАКЕНОВА,**  
**М.Жүнісов атындағы ЖОББМ,**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
 БҚО,  
 Жаңақала ауданы,  
 Жаңақазан ауылы

## ҰЛТТАР ДОСТЫҒЫ – БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

<b>С а б а қ</b> негізделген оқу мақсаттары	<b>7.2.4.1.</b> Идеясы ұқсас публицистикалық және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің тақырыбы, құрылымы, мақсаты, аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.
<b>С а б а қ</b> нәтижесі:	<b>Оқушылардың барлығы орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.
	<b>Оқушылардың көбісі орындай алады:</b> Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.
	<b>Оқушылардың кейбіреуі орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген

	қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.	
<b>Бағалау критерийі</b>	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.	
<b>Тілдік құзіреттілік</b>	Еліктеуіш сөздердің мәтіндегі қолданысын түсіну.	
<b>Ресурстар</b>	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
<b>Әдіс-тәсілдер</b>	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Тарих, әдебиет	
<b>Алдыңғы оқу</b>	Ұлттар достығы – басты байлығымыз.	
<b>Сабақтың жоспары</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Сабақ барысы:</b>	<b>Бағалау түрлері</b>
<b>Басталуы</b> <b>5 минут</b>	Бағалау парақшасымен таныстыру Топтарға бөлу. Алдын ала бөліну. Психологиялық ахуал қалыптастыру:	

	<p><i>Армысыздар, балалар, Дайынбыз ба сабаққа? Қазақ тілі – ұлт жаны Сай келейік талапқа. Барма үйден дайындық? Тапсырмаңыз дұрыс па? Оқымасаң, уайым қып, Тығылмаңыз қуысқа. Ойымызды айтайық, Білімізді байқайық! Мына отырған ұстаздар, Қалсын бір сәт марқайып Үй жұмысын тексеру.</i></p>	
<p><b>Ж а н а</b> <b>білім</b> <b>7 мин.</b></p> <p><b>Т о п т ы қ</b> <b>жұмыс</b> <b>7 мин.</b></p>	<p>«Болжау» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбы ашылады.</p>  <p>«Ұлттар достығы – басты байлығымыз» тақырыпты ашып айту.</p> <p>«Ой қозғау» ( Сұрақтарға жауап алу) 1. Қазақстандағы негізгі ұлт? 2. Әр ұлт өкілдерінің арасындағы достықты</p>	

қалай түсінеміз?

## **ОҚУЛЫҚПЕН ЖҰМЫС.**

**«Еркін талқылау» әдісі**

**1-топ:** Мәтінді оқып шығады.

**2-топ:** Идеясын ашады.

**3-топ:** Қандай стильде жазылған?

(Идеясы ұқсас п у б л и ц и с т и к а л ы қ және көркем әдебиет стиліндегі мәтіндердің т а қ ы р ы б ы , қ ұ р ы л ы м ы , мақсаты, аудиториясы, тілдік ерекшелігін салыстырып көрейік.)

### ***ДОСТЫҒЫ ЖАРАСҚАН ЕЛМІЗ***

*Қазақстанда әр ұлт өкілдерінің кәсіппен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бізден басқа мемлекетте дәл біздегідей терезесі тең еңбек етіп, кәсіп жасап, қалаған ісімен айналысып жатқан диаспоралар жоқ. Сондықтан олар Қазақстанда бақытты өмір сүріп жатыр.*



*Елімізде еңбек етіп жүрген әртүрлі ұлт өкілдерін көргенде қазақтың кеңдігіне қайран қаласыз. Осыдан біраз жыл бұрын тарихи Отандарына кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта келді.*

*Қазақтың дарқандығы мен кеңдігін және бауырмалдығын Герольд Бельгер көп жазды. Жақында дүние салған оны өзінің өсиеті бойынша достары Кеңсайға жерледі. Міне, қазақтың өзге ұлтқа деген сүйіспеншілігін осыдан көруге болады. Олай болса, Қазақстандағы ұлттар достығы жасай берсін!*


**Бағалау критерийі: 3-10 балл**

*Мәтін мазмұнын толық түсінеді.*

*Мәтін идеясын аша алады.*

*Өз тұжырымдарын дәлелдей алады.*

*Стиль түрін ажырата алады.*





**Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы**  
бағалау: Басбармақ арқылы жүргізіледі

«Айналмалы бекет» әдісі  
(Топтық жұмыс)

Мәтін бойынша жасаған постермен жұмыстарыңызды келесі топқа береміз. Сол топ сіздердің жұмыстарыңызға қосымша мәлімет береді. Толықтырып келесі топқа береді. Солайша өздеріне қайта оралады.

**Көп ұлтты Қазақстан**  
(постермен жұмыс.)

6 минут



**Бағалау критерийі:**


*Қазақстан туралы білгенін жаза алады.*

*Топ ішінде белсенділік таныта алады.*

*Өз ойын дәлелдемелермен жеткізе алады.*


**Қ а л ы п т а с т ы р у ш ы**  
бағалау: «Басбармақ» тәсілі арқылы жүргізіледі.

	<p><b>Жұптық жұмыс.</b>  <b>2, «Тест интервью» әдісі</b> (Диолог арасында еліктеуіш сөздерді пайдалану ұсынылады.)</p> <table border="1" data-bbox="295 330 726 417"> <tr> <th data-bbox="295 330 510 373">Сұрақ</th> <th data-bbox="510 330 726 373">Жауап</th> </tr> <tr> <td data-bbox="295 373 510 417"></td> <td data-bbox="510 373 726 417"></td> </tr> </table> <p><b>Бағалау критерийі:</b>  <i>Диалог құра алады.</i>  <i>Еліктеу сөзді пайдаланады.</i>  <i>Өз пікірін білдіре алады.</i>  <i>Нақты жауаты бере алады.</i></p> <p><b>Қалыптастырушы бағалау:</b>  <b>«Басбармақ» әдісі арқылы.</b></p>	Сұрақ	Жауап			
Сұрақ	Жауап					
<p><b>Бой сергіту</b></p>	<p><b>«Он сұрақ» әдісі</b> арқылы оқушыларды бір сергітіп алу (Әр топ өз ортасынан бір оқушыны шығарады. Топ ішіндегі ынтымақты, ауыз бірлікті байқау мақсатында ой сергіту ойыны.</p> <p><b>Шарты:</b> Әр топ өз арасынан бір оқушы шығарады. Сол оқушы өз тобына қарап, маңдайына стикер жабыстырады. Онда көрсетілген сөзді не суретті</p>					

<p>Сабақты бекіту 7 мин.</p>	<p>топтың көмегімен табады. Еліктеу сөздерді пайдалану тапсырылады.</p> <p><b>Бағалау критерийі:</b>  <i>Алған білімін саралай алады.</i>  <i>Ұжымшылдық, ауызбірлікте жұмыс жасай алады.</i>  <i>Өз ойын білдіре алады.</i>  <i>Еліктеу сөздерді пайдалана алады.</i></p> <p><b>Қалыптастырушы бағалау:</b>  <b>«Басбармақ» әдісі арқылы.</b></p>	
----------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------

<p>Бағалау 3 мин.</p>	<table border="1" data-bbox="222 548 813 807"> <thead> <tr> <th>Оқушының аты-жөні</th> <th>«Болжау» әдісі</th> <th>«Еркін талқылау» әдісі</th> <th>«Айнал-малы бекет»</th> <th>«Тест интервью» әдісі</th> <th>Балл</th> </tr> </thead> <tbody> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> <tr><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td><td> </td></tr> </tbody> </table> <p><b>Бағалау критерийі ( 3-10 балл)</b>  – <i>Өз ойын еркін айта білуі.</i>  – <i>Сөйлеу барысында еліктеу сөздерді пайдалануы.</i>  – <i>ұлт достығы тақырыбын аша білуі.</i>  – <i>Регламентті сақтау.</i></p>	Оқушының аты-жөні	«Болжау» әдісі	«Еркін талқылау» әдісі	«Айнал-малы бекет»	«Тест интервью» әдісі	Балл																									
Оқушының аты-жөні	«Болжау» әдісі	«Еркін талқылау» әдісі	«Айнал-малы бекет»	«Тест интервью» әдісі	Балл																											

<p><b>Кері байланыс</b> 3 мин.</p>	<p><b>«Аяқталмаған сөйлем»</b>  Оқушылар сөйлемді жалғастырулары керек:  - <i>Мен .... қатысты көз қарасымды өзгерттім</i>  - <i>Мен .... туралы көп білдім.</i>  - <i>Мен ... таң қалдым.</i>  - <i>Мен .... сезімде болдым.</i></p>	
----------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

	<p>- Мен .... салыстырдым.          - Мен .... үшін уайымдадым.          Сұрақтары бар қорап (мұғалім оқушылардан бүгінгі сабаққа байланысты қояр сұрақтарын сикерге жазып қорапқа салуды ұсынады.) Қораптағы сұрақтар келесі сабақтың алдында талқыланады.</p>	<p><b>Кері байланыс кемесі</b></p> 
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Қосымша ақпарат**

<p><b>Саралау</b> – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Пәнаралық байланыс</b>  <b>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері</b>  <b>АКТ - мен байланыс</b>  <b>Құндылықтардағы байланыс</b></p>
<p><b>Рефлексия</b>          Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?          Бүгін оқушылар не білді?          Сыныптағы ахуал қандай болды?          Мен жоспарлаған</p>		

<p>с а р а л а у шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде ү л г е р д і м бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</p>		
<p><b>Қорытынды бағамдау</b>  Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?  1:  2:  Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?  1:  2:  Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>		

М. А. БЕКЕНОВА,  
№25ЖОББМ:  
қазақ тілі және  
қазақ әдебиеті  
пәндерінің мұғалімі.  
Қарағанды қаласы

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БИОТЕХНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ

<b>О с ы сабақта қол жеткізілетін о қ у мақсаттары</b>	<b>9.2.4.1</b> әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. <b>9.3.1.1</b> жинақталған материалдар негізінде көзделген мақсатқа сәйкес ауызша және жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құру.
<b>С а б а қ мақсаты</b>	<b>1.</b> Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын талқылау сұрақтары арқылы анықтайды. <b>2.</b> Мәтіндердің қызметіне, құрылымына және тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. <b>3.</b> Мақсатқа сәйкес жазбаша мәтіндер үшін күрделі жоспар құрастыру.
<b>Б а ғ а л а у критерийі</b>	- талқылау сұрақтары арқылы әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын анықтайды;

	<p>- «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» және «Биотехнология және қоршаған ортаны қорғау» мәтіндерін қызметіне, құрылымына және тілдік ерекшелігіне салыстыра талдайды;</p> <p>- мақсатқа сәйкес «Биотехнологиядағы заманауи жетістіктері» жазбаша мәтіні үшін күрделі жоспар құрастырады.</p>
<b>Т і л д і к мақсаттар</b>	<p><b>Оқушылар орындай алады:</b> мәтінді түсініп оқиды, тақырыбын, қызметі мен құрылымын анықтайды, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды.</p>
	<p><b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>биотехнология, импорт, биология, медицина, нарық, өнім.</i></p>
	<p><b>Диалог пен жазу үшін қолданылатын тіркестер:</b> <i>ауылшаруашылығы, медициналық желім, биоүйлесімді желім, мақта сорты, отандық өнім, ұлттық биотехнология т.б.</i></p>
	<p><b>Талқылау сұрақтары:</b></p> <p>- <i>Биотехнология ғылымын қалай түсінеміз?</i></p> <p>- <i>Биотехнология ғылымының қандай салаларын білеміз?</i></p>

	- Қазақстанда биотехнология ғылымы қандай деңгейде дамуда?
<b>Құндылық-тарға баулу</b>	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының құндылықтары: индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономиялық өсу: <ul style="list-style-type: none"> <li>- өмір бойы оқып-үйренуге дайын болуға;</li> <li>- білім мен ғылымды өндіріс арқылы танып білуге;</li> <li>- қарым-қатынас жасау қабілетін арттыруға баулу.</li> </ul>
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Ғаламтор желісіндегі мәтіндерді, қосымша деректерді пайдалану үшін информатика, дәнді дақылдар, мақта шаруашылығы туралы білімдерін кеңейту үшін биология пәндерімен байланыстырылады.
<b>Алдыңғы білім</b>	Қазақстандағы әртүрлі ғылым салалары туралы түсініктері бар. Биотехнология саласындағы жаңалықтарды біледі.
<b>Сабақ барысы</b>	

<b>С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері</b>	<b>С а б а қ т а жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 7 мин.</b>	<b>Ұ й ы м д а с т ы р у кезеңі:</b> оқушылармен сәлемдесу, түгендеу.	



	<p>Топқа біріктіру түрлі-түсті (қызыл, жасыл, сары, көк) қағаздар арқылы орындалады</p> <p><b>Ширату жаттығуы</b></p> <p><b>«Кездойсоқ есім» әдісі</b> бойынша жүзеге асады.</p> <p><b>О р ы н д а л у ы :</b> оқушылардың есімдері жазылған қалташадан кезкелген оқушының есімін аталады. Есімі аталған оқушы алдыңғы игерген білімдеріне кері байланыс жасайды. Төмендегідей сұрақтарға жауап береді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Биотехнология дегеніміз не?</i></li> <li>2. <i>Биотехнология саласындағы жаңалықтар туралы не айтар едіңдер?</i></li> <li>3. <i>Биотехнология ғылымының қандай салаларын білесіңдер?</i></li> </ol> <p><b>ҚБ.</b> Сұрақтарға жауап берген оқушыларға уәж тудыру мақсатында <b>«Жарайсың! Керемет!»</b> деп, мұғалім ауызша мадақтайды.</p>	<p>«Кездейсоқ есім» әдісі ҮМ,32-бет</p>
--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------

<p><b>Сабақ- т ы н ортасы 25 мин.</b></p>	<p><b>Оқылымалды тапсырма</b>  <b>СЖ. 1-тапсырма «Галереяда ой шарлау» әдісі</b> бойынша бейнелі суреттер арқылы жаңа сабаққа байланысты ой қозғайды және ойды жинақтайды.</p> <div data-bbox="267 412 674 702" data-label="Image"> </div> <p>- <i>Бейнелі суреттерден не байқадың?</i></p> <p>- <i>Биотехнология қандай ұғымды білдіреді?</i></p> <p>- <i>Биотехнологияның қандай түрлері бар?</i></p> <p><b>ҚБ.</b> Сұрақтарға жауап берген оқушыларға қол соғып қошеметтеу арқылы бағаланады.</p> <p><b>Оқылым кезі тапсырмасы</b>  <b>СЖ. 2-тапсырмада</b> әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын талқылау сұрақтары арқылы анықтайды.</p>	<p>«Галереяда ой шарлау» әдісі  Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қазақстан Оқу Ассоциациясы. – Қарағанды: 2011. - 86 б.</p> <p>«Жигсо» әдісі  Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. Қазақстан Оқу Ассоциациясы. – Қарағанды: 2011. - 76 б.</p>
-----------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p><b>1-қадам. «Жигсо» әдісі</b>  арқылы оқушылар рөлге (төраға, хатшы, таймкипер, баяндамашы, бақылаушы) бөліне отырып, мәтіндермен танысады, өз рөлдеріне қарай мәтінді талдайды, серіктес топқа мәліметтерін жеткізеді. Оқулықтағы «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» және ғаламтордағы «Биотехнология және қоршаған ортаны қорғау» <a href="https://www.uniface.kz/index.php?post=article&amp;section=1&amp;id=520">https://www.uniface.kz/index.php?post=article&amp;section=1&amp;id=520</a> мәтіндері оқытылып, «баяндамашы» жеткізген ақпаратты өзара ортаға салады.</p> <p><b>2-қадам. «Мен саған, сен маған» әдісі</b> бойынша шағын топ мүшелері бір-біріне талқылау сұрақтарын ұсынады, мәтіндердің тақырыбын анықтайды.</p> <p><b>Талқылау сұрақтары:</b></p> <p><b>1-топ « -Қалай ойлайсыңдар, биотехнология ғылымы нені қарастырады?»</b> сұрағымен жұмыс жасайды, ойларын ортаға салады;</p> <p><b>2-топ «Биотехнология орталығы қандай бағыттар</b></p>
--	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**бойынша жұмыс жүргізеді деп ойлайсындар?»** сұрағына жауап іздейді, ойталқы жасайды;

**3-топ «Биотехнология саласын табыс көзіне айналдыруға бола ма? Әлде...»** сұрақтары негізінде өзара талқылау әрекетін жүзеге асырады.

**Бағалау критерийі:**

- *оқылым мәтінінде ұсынылған мәліметтерді талқылау сұрақтары бойынша анықтайды.*

**Дескриптор:**

- *мәтін мазмұнын түсіндіреді;*  
- *талқылау сұрақтары бойынша мәліметтерді анықтайды;*  
- *мәтіннің негізгі ойын ашып көрсетеді.*

**ҚБ. «Бағдаршам» әдісі** арқылы өзін-өзі бағалайды,

**«жасыл» - түсіндім»,**

**«сары» - жартылай түсіндім,**

**«қызыл» - сұрағым бар»** деп өз ойларын, оқылым мәтінінде ұсынылған мәліметтерді талқылау сұрақтары бойынша анықтаудағы әрекетіне баға береді, кері байланыс жасайды.

«Бағдаршам» әдісі  
Back to  
AFL Tools



### Оқылымнан кейінгі тапсырма

**ТЖ. 3-тапсырмада** «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» және «Биотехнология және қоршаған ортаны қорғау» мәтіндерін стиліне, қызметіне, құрылымына және тілдік ерекшелігіне қарай кең көлемде салыстыра талдайды.

«Т кестесі» әдісі арқылы орындалады.

<b>1 - м ә т і н .</b> «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы»	<b>2 - м ә т і н .</b> «Биотехнология және қоршаған ортаны қорғау»
<b>стилі</b>	
<b>ғылыми</b>	<b>публицистикалық</b>
<b>қызметі</b>	
<b>сендіру</b>	<b>ақпарат беру</b>
<b>тілдік ерекшелігі</b>	
<b>к ә с і б и</b> тіркестер	<b>ауызекі қарым-</b> <b>қатынас стиліндегі</b> тіркестер

### Бағалау критерийі

- «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» және «Биотехнология және қоршаған ортаны қорғау» мәтіндерін қызметіне, құрылымына және тілдік ерекшелігіне салыстыра талдайды;

	<p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндерді стиліне қарай ажыратады;</li> <li>- қызметін анықтайды;</li> <li>- құрылымын айқындайды;</li> <li>- мәтіндерді тілдік ерекшелігіне талдайды;</li> </ul> <p><b>КБ. «Екі жұлдыз, бір тілек»</b> әдісі арқылы топ мүшелері бірін-бірі өзара бағалайды. Ұнаған постердегі жазбаға, талапқа сай орындалғанына кері байланыс жасайды, екі топтың жұмысына жұлдыз ұсынса, әлі де жақсартуды қажет деп тапқан топ жұмысына тілек білдіреді.</p> <p><b>Жазылым тапсырмасы</b></p> <p><b>ТЖ. 4-тапсырмада</b> «Биотехнологиядағы заманауи жетістіктері» тақырыбындағы мәтінге жазбаша күрделі жоспар құрастырады.</p> <p><b>1 - қадам.</b> «Биотехнологиядағы заманауи жетістіктері» тақырыбындағы мәтінді оқып, негізгі ойын анықтайды.</p> <p><b>2-қадам.</b> Мәтінге жазбаша күрделі жоспар құрастырады.</p>	<p>« Е к і жұлдыз, бір тілек» әдісі Back to AFL Tools</p> 
--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p><b>А). Үлгіге сүйеніп, жоспар құрады.</b></p> <p><b>Кіріспе.</b> Биотехнология – ғылым.</p> <p><b>Негізгі бөлім.</b> Биотехнологияның зерттелуі.</p> <p><b>Қорытынды бөлім.</b> Биология мен гендік инженерияның жетістіктері.</p> <p><b>Ә). Тезистік сөйлемдерге сүйене отырып, жоспар құрады:</b></p> <p><b>1.</b> <i>Биотехнология ғылымы гендік инженериядан бастау алады.</i></p> <p><b>2.</b> <i>Биотехнологияның ең әсерлі мүмкіндіктерін тәжірибеге енгізу.</i></p> <p><b>3.</b> <i>Биотехнология болашақта адамзатқа тек медицинада ғана емес, сонымен қатар қазіргі ғылымның басқа да бағыттарында да зор мүмкіндіктер ашты.</i></p> <p><b>Б). Мәтіннің мағынасын толық ашатындай барлық ой мен абзацтарды қамтитын күрделі жоспар құрастырады.</b></p>	<p>Биотехнологиядағы заманауи жетістіктер» мәтіні  <a href="https://kazlib.kz/biotechnologiadagy-zamanaui-zhetistikter/">https://kazlib.kz/biotechnologiadagy-zamanaui-zhetistikter/</a></p>
--	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p><b>I. Кіріспе</b> Биотехнология туралы жалпы түсінік.</p> <p><b>II. Негізгі бөлім</b></p> <p><b>2.1.</b> Биотехнологияның басқа ғылымдармен байланысы.</p> <p><b>2.2.</b> Биотехнологияның даму тарихы және бағыттары.</p> <p><b>III. Қорытынды бөлім</b> «Білім, ғылым, инновациялар үштігі билеген постиндустриялық әлем»</p> <p><b>Бағалау критерийі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мақсатқа сәйкес «Биотехнологиядағы заманауи жетістіктері» жазбаша мәтіні үшін күрделі жоспар құрастырады.</li> </ul> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтінді оқып, негізгі ойын анықтайды;</li> <li>- үлгі бойынша жоспар құрастырады;</li> <li>- тезистік сөйлемдерге сүйеніп, жоспар құрастырады;</li> <li>- күрделі жоспар құрастырады.</li> </ul> <p><b>ҚБ. «Стикердегі хат» әдісі</b> арқылы оқушылар</p>	
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--



	<p>дескрипторға сүйене отырып, жазбаша жоспар құра білген оқушыға, серіктесіне баға береді.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>7 минут</b></p>	<p><b>Оқушылар рефлексиясы: «5-5-1» әдісі.</b> Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергені жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөйлемге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің игерген білімімен бөліседі, әрекеттеріне баға береді.</p> <p><b>Мұғалімнің ауызша кері байланысы:</b> оқушылардың сабақ барысында орындаған әрекеттеріне, тапсырмаларына, жазба жұмыстарына талдау жасайды, кері байланыс ұсынады.</p> <p><b>Өздігінен ізденіуге қосымша тапсырмалар ұсынылады:</b> Қосымша дереккөздерді</p>	<p>«5-5-1» әдісі 14-күн, ҮМ</p>

<p>пайдаланып, «Қазақстан мен баска шет мемлекеттің биотехнология ғылымдары» жайлы салыстырмалы зерттеу жұмысын дайындайды, 4-5 слайдтан тұратын таныстырылым бойынша қорғау тапсырмасы ұсынылады.</p>	<p>« 5 - 5 - 1 » әдісі</p> <p>14-күн, ҮМ</p>
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------

### Қосымша ақпарат

<p><b>Саралау:</b> Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз?</p> <p>С а б а қ барысында мен рөл арқылы саралауда «Жигсо» әдісімен «Қазақстандағы биотехнология ғылымының дамуы» және «Қоршаған ортаны қорғау» мәтіндерін талдау әрі «Мен саған, сен маған» әдісі</p>	<p><b>Бағалау:</b> Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p> <p>С а б а қ барысында алдыңғы біліміне кері байланыс жасап, жауап берген оқушыларды қолдау, ынталандыру мақсатында «Жарайсың!, Керемет!» деп ауызша мадақтауды</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p> <p>Денсаулық сақтау технологиялары</p> <p>Сабақтағы сергіту сәттері мен белсенді жаттығу түрлері</p> <p>Осы сабақта қолданылатын қауіпсіздік техникасы ережесінің тармақтары</p>
----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>бойынша талқылау сұрақтарымен жұмыс жасадым; топтау (түрлі-түсті қағаз қиындылары арқылы аралас топ құру мақсатында) арқылы, оқылымнан кейін орындалатын «Т кестесі» арқылы екі стильдегі мәтіндерді салыстыру тапсырмасында диалог және қолдау арқылы саралау тәсілдерін көбірек қолдануды жоспарлап отырмын. Жазылым тапсырмасы бойынша «Биотехнологиядағы заманауи жетістіктері» тақырыбындағы мәтінге жазбаша күрделі жоспар құрастыру тапсырмасын ұсындым.</p>	<p>жүзеге асыру жоспарланады.  <b>1 - тапсырмада</b> бейнелі сұрақтар арқылы жауап берген оқушыларға қол соғып қошеметтеу арқылы ауызша бағаланады.  <b>2 тапсырмада</b> «<b>Бағдаршам</b>» әдісі арқылы өзін-өзі бағалайды, «<i>жасыл</i>» - <i>түсіндім</i>», <i>сары</i>» - <i>жартылай түсіндім</i>, «<i>қызыл</i>» - <i>сұрағым бар</i> деп өз ойларын, оқылым мәтінінде ұсынылған мәліметтерді талқылау сұрақтары бойынша анықтаудағы әрекетіне баға беріледі, кері байланыс жасалады.</p>	
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

<p>Барынша қолдау көрсететін оқушыға қарапайым жоспар үлгісі ұсынылады, ал орташа қолдауды қажетсінетін оқушыға тезистік сөйлемдерге сүйене отырып жоспар құру тапсырылады. Қолдауды қажет етпейтін оқушыға күрделірек жоспар құрастыруға бағыт-бағдар жасалады. Жалпы саралау сабақтың өн бойында болады, оқушының қажеттілігі үнемі ескеріледі.</p>	<p>3-тапсырма бойынша 2 мәтінді салыстыра талдау кезінде белсенне араласқан оқушыларды «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағаланады, кері байланыс ұсынылмақшы, ал 4-тапсырмада «Стикердегі хат» әдісі бойынша оқушылар тарапынан колдау, ұсыныс білдіру үшін кері байланыс жасау керектігі жоспарлануда.</p>	
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

<p><b>С а б а қ б о й ы н ш а рефлексия</b></p>	<p>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланаңыз. Төменде өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p><i>Сабақ мақсаты қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқу болды ма және неліктен?</i></p>	
<p><b>Жалпы бағалау</b> Сабақта ең жақсы өткен 2 нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> </ol> <p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> </ol> <p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақта не нәрсеге назар аудару керек?</p>	

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ұ. С. БЕРДЕШОВА,  
«Қ.Жазықов атындағы  
орта мектебі» КММ-нің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Ақтөбе облысы,  
Байғанин ауданы,  
Кемерши ауылы

## С.ТОРАЙҒЫРОВ “ШӘКІРТ ОЙЫ”

<b>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</b>	<b>6.1.3.1</b> - әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау; <b>6.1.4.1</b> - көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.
<b>С а б а қ т ы н мақсаты:</b>	<b>1.</b> «Шәкірт ойы» өлеңін мәнерлеп түсініп оқу, мағынасын ашу, талдау; <b>2.</b> Оқушылардың сөйлеу, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
<b>Ресурстар</b>	<a href="http://www.wikitaп.kz/audiobook/2230-menin_atim_koja_povr">http://www.wikitaп.kz/audiobook/2230-menin_atim_koja_povr</a> <a href="https://www.youtube.com/watch?v=JQz1_Zi3JO0">https://www.youtube.com/watch?v=JQz1_Zi3JO0</a>
<b>Б а ғ а л а у критерийлері:</b>	• Көркем шығарманың тілімен, кейіпкерлер әлемімен танысады, талдайды.;

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Көркем шығарманың тіліне талдау жасай алады;</li> <li>• Сыни хабарлама жазады.</li> </ul>
<b>Дескриптор</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Үзінді бөліп ала алады;</i></li> <li>- <i>Мәнерлеп оқи алады;</i></li> <li>- <i>Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтайды;</i></li> <li>- <i>Шығармадан алған әсері бойынша сыни хабарлама жазады.</i></li> </ul>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, түсіну, қолдану, бағалау.
<b>Тілдік мақсаттар:</b>	Дәйексөз, диалог, тұспалдау, деталь, суреттеу, дикция, т.б.
<b>Құндылықтарды дарыту</b>	<i>Балаларды отансүйгіштікке, елжандылыққа, еңбексүйгіштікке, шынайылыққа тәрбиелеу.</i>
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Әдебиет, тарих
<b>АКТ қолдану дағдылары</b>	Осы сабақ барысында Power Point бағдарламасынан тақырыпқа қатысты көрнекі құралдарды пайдаланып, интербелсенді тақтаны қолдану.
<b>Жоспар</b>	

<b>Жоспар-ланатын уақыт</b>	<b>Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер</b>		
<b>Сабақтың басы</b> <b>5 мин.</b>	<p><b>Ұйымдастыру кезеңі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сәлемдесу;</li> <li>2. Топқа бөлу: сурет арқылы 4 топқа бөлінеді.</li> </ol> <p>Сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлері айтылады.</p> <p>– <i>Балалар, тақырыбымыз қандай?</i></p> <p>– <i>Автор туралы не білеміз?</i></p> <p>– <i>Мақсатымыз не болмақ?</i></p> <p>Мақсатқа жету алгоритмін құру.</p> <p>– <b>Ақынның шығармаларын атаңдар.</b></p>		
<b>Сабақтың ортасы</b> <b>10 мин.</b>          <b>10 мин.</b>	<p><b>Өлеңдері</b></p> <p>«Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы», «Мен қазақ», «Анау-мынау», «Оқудағы мақсат не?», «Бір адамға», «Бұлар кім?» «Ендігі беталыс», «Шәкірттерге», «Оқып жүрген жастарға» т.б.</p>	<p><b>Поэмалары</b></p> <p>«Адасқан өмір», «Кедей», «Айтыс», «Қайғы», «Таныстыру»,</p>	<p><b>Романдары</b></p> <p>«Қамар сұлу», «Кім жазықты?» «Ауырмай есімнен жаңылғаным»</p>
	<p><b>С.Торайғыровтың шығармасы – «Шәкірт ойы»</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Өлеңді мәнерлеп оқу.</i></li> <li>2. <i>«Өлеңді кешенді сатылай талдау» әдісі арқылы талдау.</i></li> </ol> <p><i>Шәкірт нені армандайды?</i></p> <p><i>Елдің жүрегі неге мұздаған?</i></p>		



*Ол неге жұлдыз емес,  
Күн болғысы келеді?*

**3.** *Астрономиялық тұрғыдан жұлдыз бен Күн туралы ғылыми түрде түсінік береді. (электронды оқулық)*

**1.** *Шәкірт ойы қандай шығарма? Өлеңнің кейіпкері кім?*

**2.** *Сатира дегенді қалай түсінесің?*

**3.** *Ақынның қараңғылық деп отырғаны не? Өз білетіндеріңді ортаға салыңдар.*

**4.** *Надандық теңізі қалай тартылады?*

**Өлеңді өз беттерінше бір оқып шығып, өлең жайлы өз ойларын айтады.**

**I-топ тапсырмалары:**

**1.** *Өлеңді мәнерлеп оқу.*

**2.** *«Миға шабуыл» әдісі арқылы талдау.*

*Шәкірт нені армандайды?*

*Елдің жүрегі неге мұздаған?*

*Ол неге жұлдыз емес*

*Күн болғысы келеді?*

**II-топ тапсырмалары:**

**1.** *Бір оқушы мәнерлеп оқиды.*

**2.** *Берілген қосымша материалдар және Ғаламтор желісін пайдаланып астрономиялық*

<p><b>10</b> <b>мин.</b></p> <p><b>5 мин.</b></p>	<p><i>тұрғыдан жұлдыз бен Күн туралы ғылыми түрде түсінік береді.</i></p> <p><b>III топ тапсырмалары:</b></p> <p><b>1. Топтастыру.</b></p> <p style="text-align: center;"><b>Ш ә к і р т</b></p> <p><i>Ілім білімге құштар, Қараңғылықты құтқаратын, Күн болуды армандайды. Еліне адал қызмет еткісі келеді. Надандықпен күреседі.</i></p> <p><b>IV-топ тапсырмалары:</b></p> <p><b>1. Өлең құрылысын талдау</b>  <i>Қараңғы қазақ// көгіне// а</i>  <i>Өрмелеп шығып// күн болам!!! б</i>  <i>Қараңғылықтың// кегіне// а</i>  <i>Күн болмағанда, // кім болам?// б</i>  <i>Мұздаған// елдің жүрегін// в</i>  <i>Жылытуға// мен кірермін!!! в</i></p> <p><b>3 шумақ, 6 тармақ, 2 бунақ, 8 буынды кезектес, шалыс ұйқас.</b></p> <p><b>Топтастыру стратегиясы</b></p> <div style="text-align: center;"> <pre> graph TD     A[Ілім-білімге құштар] --- B[ШӘКІРТ]     C[Қараңғылықтан құтқаратын Күн болуды армандайды] --- B     D[Еліне адал қызмет еткісі келеді] --- B     E[Надандықпен күреседі] --- B           </pre> </div>
-------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p><b>4-тапсырма. Бес жолды өлең</b>  <i>Кім? (зат есім) 1 сөз,</i>  <i>Қандай? (сын есім) 2 сөз,</i>  <i>Не істеді? (етістік) 3 сөз,</i>  <i>Сөйлем (кім туралы) 4 сөз,</i>  <i>Синоним 1 сөз.</i></p>	
<b>Бағалау критерийлері</b>	<b>Дискрипторлар</b>
<b>Ш ы ғ а р м а</b> үзінділерімен жұмыс жасай алады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үзінді бөліп ала алады;</li> <li>• Мәнерлеп оқи алады.</li> </ul>
<b>К ө р к е м</b> шығарманың тіліне талдау жасай алады.	Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтайды.
<b>Сыни хабарлама</b> жазады.	Шығармадан алған әсері бойынша сыни хабарлама жазады.

<p><b>Сабақтың соңы</b> <b>5мин.</b></p>	<p><i>XX ғасырдағы шәкірт ойы.</i>  <i>XXI ғасыр, бүгінгі шәкірт ойы.</i>  (оқулықтағы кесте бойынша жұмыс жасайды).  «Біздің арманымыз», ойтолғау.  Өз ойларын қағазға түсіреді</p> <p><b>Кері байланыс:</b> «Менің түйгенім» сауалнамасы  <i>Сабақта маған ұнаған тапсырма...</i>  <i>Сабақтан үйренгенім...</i>  <i>Сабақта маған қиындық келтірген...</i>  <i>Сабақтан алған әсерім...</i></p>
----------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p><b>Үйге тапсырма</b> «Менің қиялымдағы Қожа» тақырыбына эссе жазып келу.</p>	
<p><b>Қосымша ақпарат</b></p>		
<p><b>Дифференциация</b> – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p><b>Пән аралық байланыс</b> <b>Қауіпсіздік ережелері</b> <b>АКТ - мен байланыс</b> <b>Құндылықтар мен байланыс (тәрбиелік элемент)</b></p>
<p><b>Дифференциация үш түрде іске асады:</b> <b>1</b>-үлгерімі төмен оқушыларға қолдау топтық жұмыста үлгерімі жақсы оқушылар тарапынан көрсетіледі. <b>2</b>-оқушылардың тапсырмасынан күтілетін нәтиже дифференциацияланған.</p>	<p>Оқушылар бір-бірін дискрипторлар арқылы бағалайды. Сол арқылы кері байланыс беріледі.</p>	<p>Сабак философияға қатысты болғандықтан, белсенді азаматтық позициясын қалыптастыруға септігін тигізеді. Сабакта оқушылардың өміріне қауіпті ештеңе пайдаланылмайды. PowerPoint таныстырылымы, аудиофайл тыңдау үшін компьютер қолданылады.</p>

<p><b>Ойлану</b></p> <p><i>Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары жүзеге асырылды ма?</i></p> <p><i>Бүгін оқушылар нені үйренді?</i></p> <p><i>Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?</i></p> <p><i>Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме?</i></p> <p><i>Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба?</i></p> <p><i>Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</i></p>	<p>Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
<p><b>Жалпы баға</b></p> <p>Сабақ талаптарға сай өтті. Оқушылар сөздік қорын молайтты. Жұпта бір-біріне қолдау көрсетіп, қарым-қатынас жасады.</p> <p>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2..</li> </ol> <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> </ol> <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>	



**Н.Ғ.МҰҚАНҒАЛИЕВ,**  
**М.Мирманов атындағы**  
**ЖОББМ,**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәндерінің мұғалімі.**  
БҚО,  
Жаңақала ауданы,  
Бірлік ауылы

## “ДАНАЛЫҚ КІТАБЫНЫҢ” ҚҰНДЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

(4-сабақ)

<b>О с ы</b> <b>сабақта қол</b> <b>жеткізілетін оқу</b> <b>мақсаттары (оқу</b> <b>бағдарламасына</b> <b>сілтеме)</b>	<b>8.3.1.1.</b> Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
<b>С а б а қ т ы ң</b> <b>мақсаты</b>	«Даналық кітабын» Қорқыттың, Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларымен салыстыру,бағамдау.
<b>Б а ғ а л а у</b> <b>критерийі</b>	«Даналық кітабының» тақырыбы мен идеясын басқа шығармалармен салыстырады; Тарихи және көркемдік құндылығын бағалайды.

<b>Т і л д і к мақсаттар</b>	<b>Оқушылар орындай алады:</b> шығармаларды салыстырады, бағалайды.
	<b>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:</b> <i>имандылық, мұсылмандық шарты, хикмет.</i>
	<b>Диалог құруға пайдалы тіркестер:</b> <i>Даналық кітабын тарихи құндылығымен бағалы, өйткені...</i>
<b>Құндылық-тарға баулу</b>	<i>Өмір бойы білім алу (басқа шығармалармен салыстыру барысында зерттеу дағдысы дамиды және танымы кеңейеді), ынтымақтастық(топтық жұмыс кезінде нәтижеге бірлесе жету), құрмет (таңдау жасау кезінде, бір-бірінің пікірлеріне құрмет көрсетеді), ашықтық (топтық жұмыс кезінде өз ойымен бөлісу).</i>
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Тарих, дінтану және зайырлылық негіздері пәнімен байланыс болады. (шығармалардың мазмұнындағы негізгі ойы әр кезеңдегі мұсылмандық, даналық ұғымдар)
<b>Алдыңғы білім</b>	Алдыңғы сабақта оқушылар Ахмет Йассауидің ұлы тұлға екенін білді. «Даналық кітабы» бойынша шығарма идесы мен мазмұны, ондағы көтерілген мәселені анықтады.

<b>Сабак барысы</b>		
<b>С а б а қ т ы ң жоспарланған кезеңдері</b>	<b>С а б а қ т а ғы ж о с п а р л а н ғ а н жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>Сабақтың басы 5 минут</b>	<p><b>Ширату жаттығуы</b>  <b>«Бір қадам алға...»</b>  <b>әдісі</b> арқылы мұғалім есіктен кіргенде өткен материалдарға байланысты сұрақтар қояды. Жауап дұрыс болса, бір қадам алға жылжиды, қате болса, бір қадам артқа артқа шегінеді. Мұғалім үстеліне жеткенше бірнеше сұрақ қою арқылы оқушылардың зейінін сабаққа аударады.</p> <p>- <i>Ахмет Йассауи қай жасырда өмір сүрді?</i></p> <p>- <i>Оның өмірі туралы не білесіңдер?</i></p> <p>- <i>«Диуани хикмет» қазақша қалай аталады?</i></p> <p>- <i>Йассауидің өмірлік мақсат - мұраты қандай?</i></p>	



	<p>- Шығарманың хикмет деп аталуының себебі неде?</p> <p>- «Диуани хикмет» шығармасын оқи отырып, адам бойында қандай жақсы қасиеттерді қалыптастыруға болады?</p> <p>- Ғұмырдың мәңгі еместігін, өмір сүрудің мәнін қалай суреттейді?</p> <p>- Осы мазмұнда тағы қандай шығармаларды білесіздер?</p> <p>Ал енді, оқушылар, бүгінгі сабақта А.Иассаuidiң «Даналық кітабын» Қорқыттың, Абайдың, Шәкәрімнің шығармаларымен салыстырамыз, тарихи және көркемдік құндылығын бағалаймыз.</p> <p><b>С а б а ғ ы м ы з д ы ң т а қ ы р ы б ы м е н т а н ы с т ы р у.</b></p>	
<p><b>Сабақтың ортасы</b> 5+5 минут</p>	<p><b>«Венн диаграммасы»</b> <b>ТЖ.</b> <b>1- тапсырма</b></p>	

	<p align="center"><b>«Даналық кітабын»</b></p> <p>төмендегі кестеде көрсетілген шығармалардың тақырыбы және идеясымен салыстырыңыз.</p> <p align="center"><i>(үлестірме материал таратылады.)</i></p> <p align="center"><b>1-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="207 415 657 658"> <tr> <td data-bbox="207 415 429 533">Йассауидің «Даналық кітабы»</td> <td data-bbox="429 415 657 533">Қорқыт ата өсиеттері</td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 533 429 572"></td> <td data-bbox="429 533 657 572"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 572 429 658"><b>О р т а қ ойлары:</b></td> <td data-bbox="429 572 657 658"></td> </tr> </table> <p align="center"><b>2-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="207 736 657 1019"> <tr> <td data-bbox="207 736 429 893">Йассауидің «Даналық кітабы»</td> <td data-bbox="429 736 657 893">Абай. «Отыз сегізінші» қара сөзі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 893 429 932"></td> <td data-bbox="429 893 657 932"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 932 429 1019"><b>О р т а қ ойлары:</b></td> <td data-bbox="429 932 657 1019"></td> </tr> </table> <p align="center"><b>3-топ</b></p> <table border="1" data-bbox="207 1097 688 1356"> <tr> <td data-bbox="207 1097 429 1254">Йассауидің «Даналық кітабы»</td> <td data-bbox="429 1097 688 1254">Ш ә к ә р і м Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» еңбегі</td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 1254 429 1293"></td> <td data-bbox="429 1254 688 1293"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="207 1293 429 1356"><b>О р т а қ ойлары:</b></td> <td data-bbox="429 1293 688 1356"></td> </tr> </table>	Йассауидің «Даналық кітабы»	Қорқыт ата өсиеттері			<b>О р т а қ ойлары:</b>		Йассауидің «Даналық кітабы»	Абай. «Отыз сегізінші» қара сөзі			<b>О р т а қ ойлары:</b>		Йассауидің «Даналық кітабы»	Ш ә к ә р і м Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» еңбегі			<b>О р т а қ ойлары:</b>		<p>Қорқыт-тың, Абай-дың, Шәкәрім-нің шығармалары жазылған парақтар <a href="http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/qoja-ahmet-yassau-i-jane-onyn-ilimi-467/#gsc.tab=0">http://islam.kz/kk/articles/islam-jane-tulga/qoja-ahmet-yassau-i-jane-onyn-ilimi-467/#gsc.tab=0</a></p>
Йассауидің «Даналық кітабы»	Қорқыт ата өсиеттері																			
<b>О р т а қ ойлары:</b>																				
Йассауидің «Даналық кітабы»	Абай. «Отыз сегізінші» қара сөзі																			
<b>О р т а қ ойлары:</b>																				
Йассауидің «Даналық кітабы»	Ш ә к ә р і м Құдайбердіұлы «Мұсылмандық шарты» еңбегі																			
<b>О р т а қ ойлары:</b>																				

<p><b>3</b> минут</p>	<p><b>Дескрипторлар:</b></p> <p><b>1.</b> - Шығармалардың тақырыбы мен идеясын анықтайды.</p> <p><b>2.</b> - Шығармалардың тақырыбы мен идеясын салыстырады.</p> <p><b>3.</b> - Ортақ ұқсастықтарын тауып жаза алады.</p> <p><b>Топтық бағалау «Екі жұлдыз, бір ұсыныс».</b></p> <p><b>Кері байланыс: Раунд-Робин әдісі.</b> Әр оқушы тапсырма барысында не білгенін <b>бір сөйлем немесе сөз тіркесі арқылы</b> бірінің айтқанын бірі қайталамай, түгел айтып шығуы тиіс.</p> <p><b>2-тапсырма Ж. «Бұрыш» стратегиясы.</b></p> <p>Оқушылар өздеріне <b>«Бұрыш» таңдау арқылы</b> «Даналық кітабының» тарихи және көркемдік құндылығына баға береді.</p>	
<p><b>7+10</b> минут</p>	<p><b>1-бұрыш:</b> «Даналық кітабының» тарихи құндылығымен бағалы, өйткені...</p> <p><b>2-бұрыш:</b> «Даналық кітабының» көркемдік құндылығы басым, себебі...</p>	

	<p><b>3-бұрыш:</b> <i>«Даналық кітабы» тарихи да, көркемдік те құндылығымен бағалы, неге десеңіз...</i></p> <p><b>4-бұрыш:</b> <i>Екі ойлымын, менің топшылауымша ...</i></p> <p><b>Дескрипторлар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Шығарманың көркемдік және тарихи құндылықтарын анықтайды және баға береді.</i></li> <li>- <i>Құндылықтарды бағалаудан нақты дәлелдер келтіреді.</i></li> </ul> <p><b>Қалыптастырушы бағалау</b> <i>«Неге? Не себепті? Қалай?»</i></p>	
<p><b>Сабақ-тың соңы</b> <b>5 мин.</b></p>	<p><b><i>Сабақ мақсатына жеткеніңізді талқылау сұрақтары:</i></b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– <i>Сонымен, сабақ мақсатына қол жеткіздік деп айта аламыз ба?</i></li> <li>– <i>Не үшін олай ойлайсыңдар?</i></li> </ul> <p><b>Кері байланыс: «3-2-1» стратегиясы</b> <i>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;</i> <i>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;</i> <i>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.</i></p>	
<p><b>Саралау</b> – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p><b>Бағалау</b> – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p><b>Денсаулық</b> ж ә н е қауіпсіздік техникасын сақтау</p>

## Тілдер байланысы

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
А.ТӨЛЕГЕНОВА,  
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,  
Г.АБДУЛЬДИНА,  
ағылшын тілі пәні мұғалімі,  
«№6 ЖОББМ» КММ.  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданы

### САН ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕНУІ

*(Изменение числительных  
Modification of numerals)*

<p><b>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары</b> <b>Ц е л и о б у ч е н и я , к о т о р ы е н е о б х о д и м о д о с т и ч ь н а д а н н о м у р о к е</b> <b>L e a r n i n g o b j e c t i v e s i s a c h i e v e d i n t h i s l e s s o n</b></p>	<p>Сан есімге жалғанатын жалғау түрлерін білу. Различать окончания числительных . To distinguish the terminations of numerals.</p>
<p><b>С а б а қ мақсаттары:</b> <b>Цель урока</b> <b>The aim of the lesson:</b></p>	<p><b>Барлығы:</b> Сан есімге жалғанатын жалғау түрлерін ажырата алады. Смогут различать окончания числительных. They can distinguish the ends of numerals.</p>

	<p><b>Көбі:</b> Сан есімнің түрленуін орыс, ағылшын тіліндегі түрленуімен салыстырады</p> <p>Сравнивают изменения числительных в казахском, английском языках.</p> <p>Compare changes in numerals d with Kazakh and English languages.</p> <p><b>Кейбірі:</b> Сан есімнің түрлену ерекшелігін анықтайды.</p> <p>Определяют особенности изменения числительных.</p> <p>Determine features of changing numerals.</p>
<p><b>П а н а р а л ы қ байланыс</b></p> <p><b>Межпредметная связь</b></p> <p><b>Inter subject communication</b></p>	<p>Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, әдебиет</p> <p>Казахский язык, русский язык, английский язык, литература.</p> <p>Kazakh, Russian, English, literature.</p>
<p><b>Құндылықтарға баулу</b></p> <p><b>П р и в и т и е ценностей</b></p> <p><b>Instilling of values</b></p>	<p><i>Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.</i></p>

<b>Жоспар План</b>		
<b>Жоспарланған уақыт Запланированное время Plannedtime</b>	<b>Жоспарланған жаттығу түрлері Виды упражнений Typesofexercise</b>	<b>Дереккөздері Ресурсы Recourses</b>
<b>С а б а қ т ы н басы</b> <b>Начало урока</b> <b>Beginning of the lesson</b> <b>5 минут</b> <b>5 minutes</b>	<p>О қ у ш ы л а р ғ а психологиялық ахуал туғызу.</p> <p>С о з д а н и е психологического настроения.</p> <p>Creating a psychological mood.</p> <p>«Үш тілде амандасу» тренингі.</p> <p>У ч и т е л ь п р и в е т с т в у е т учащих на трех языках: казахском, русском, английском.</p> <p>Teacher greets students in three languages: Kazakh, Russian, English.</p> <p>Қызығушылықты ояту.</p> <p>Пробудить интерес.</p> <p>To awaken interest.</p>	<p>Сілтеме: Ресурс: <a href="http://www.youtube.com/watch?v=JjfZqprdKZA">www.youtube.com/watch?v=JjfZqprdKZA</a></p>

	<p><b>*Видеоролик көрсету.</b>  <b>Показать видео.</b>  <b>To show a video</b>  <b>* В и д е о р о л и к</b>  <b>тақырыбын талдау.</b>  <b>Обсуждение</b>                    <b>темы</b>  <b>видеоролика.</b>  <b>Discussion of a subject of</b>  <b>the video.</b></p>	
<p>Сабақтың ортасы  Середина урока  The middle of the lesson  30 минут</p> <p><b>Realization of meaning</b>  <b>30 minutes</b></p>	<p><b>1-тапсырма</b>  <b>1-задание</b>  <b>1- task</b></p> <p>Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді жазып, қалай түрленіп тұрғанын анықтайды.</p> <p>(Сан есімдерді орыс, ағылшын тілдеріне аудару). Написать вместо точек имя числительное, определить как они изменяются.</p> <p><b>1. Білекті ... жызғар.</b>  <i>(один) (one)</i>  <i>(бір-есептік сан есім, -ді- табыс септігі)</i>  <i>Білімді ... жызғар.</i>  <i>(мың - есептік сан есім, -ды- табыс септігі)</i>  (Тысяча) (thousand)</p> <p><b>2.... ... тістен шыққан сөз</b></p>	Слайд 1



*(отыз екі - күрделі, атау сенімі)  
(Тридцать два) (thirty two)*

... рулы елге тарайды.

*(отыз - дара, атау сенімі)  
(Тридцать) (thirty).*

**2-тапсырма 2-задание 2- task**

Кестеде берілген сан есімді септеу.

Просклонять имя числительное данное в таблице.

Септіктер	Қ а з а қ тілінде	О р ы с тілінде	Ағылшын тілінде
Атау	қырық	сорок	
Ілік			
Барыс			
Табыс			
Жатыс			
Шығыс			
Көмектес			

**3-тапсырма 3-задание 3- task**

*Атадан алтау, анадан төртеу,*

*Жалғыздық көрер жерім жоқ.*

*(Абай)*

Берілген өлең жолдарындағы сан есімдерге тәуелдік жалғауын жалғап, қазақ, орыс тілдеріне аударады, тілдік ерекшеліктерін салыстырады.

Перевод данных слов на казахский, русский язык, сравнение языковых особенностей.

Слайд  
2

Слайд  
3

**Translation of these words into Kazakh, Russian, comparison of language features**

Ағылшын тілінде	Қ а з а қ тілінде	О р ы с тілінде

**4-тапсырма**

**Шарты:** Берілген сөйлемді қазақ, орыс тілдеріне аудару.

Данное предложение перевести на казахский, русский язык.

Translate the sentences into Kazakh and Russian.

*22 қазан – Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан тұлға Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 95 жыл (1924);*

*On 22nd of October 95th anniversary of Kazakh writer, public figure Abdizhamil Nurpeisov who invested a great effort for Kazakh literature.*

*22 октября исполняется 95 лет народному писателю, общественному деятелю Абдижамил Нурпеисову, который вкладывал большое*

	<p>усилие для развития казахской литературы.</p> <p><b>3.Сергігу сәті.</b>  <b>«Полиглот» әдісі</b>  арқылы жұмбақ шешкізіп жауабын үш тілге аударту.</p> <p><b>Физминутка</b> С  помощью <b>метода</b>  <b>«Полиглот»</b> разгадать загадки и перевести ответы на русский и английский язык.</p> <p><b>The refreshing moment.</b>  With the help <i>of the method of «Polyglot»</i> to solve the riddles and to translate the answers into the Russian and English languages.</p>	
<p><b>Сабақтың соңы</b>  <b>Конец урока</b>  <b>The end of the lesson</b>  <b>5 минут</b>  <b>5 minutes</b></p>	<p><b>Кері байланыс</b>  <b>«ЗҚ» әдісі.</b>  <b>Обратная связь:</b>  Интересно, нужно, трудно.</p> <p><b>F e e d b a c k :</b>  Interesting, difficult and need..</p>	

**М.ЖАЛҒАСҚЫЗЫ,  
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе  
облыстық әмбебап ғылыми  
кітапханасының қызметкері.  
Ақтөбе қаласы**

## **КІТАПХАНА ТҮНІ**

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында алғаш рет кітап оқуға қолдау көрсету мақсатындағы әлеуметтік-мәдени шарасы «Кітапхана түні» өткізілді.

Ерекше форматтағы кітапхана мерекесі әсем безендірілген залда көтеріңкі көңіл-күймен басталды.



Ш а р а н ы  
А қ т ө б е  
облысының  
мәдениет,  
архивтер және  
құжаттама  
басқармасы  
басшысының  
орынбасары  
А й б е к  
Ж а н д о с о в  
а ш ы п ,

кітапхана ұжымына шығармашылық табыстар тіледі. Бұл түні кітапхана әдеттен тыс уақытта өз есігін айқара ашып, оқырмандары үшін ерекше форматта қызмет көрсетті. Аталмыш түнде кітапханаға келушілер көптеген қызықты көріністерге кез болып, уақыттарын тиімді өткізді. Осы кітапханалық мерекеде әр оқырман өз қалаған кітабы туралы ақпараттар, кеңестер алып, барлық қатысушылар кітапхананың қалай жұмыс жасайтынын көре алды.

Мерекелік кеш барысында Өнер бойынша әдебиеттер бөлімі 150 адам қатысқан караокемен ән айтуды

ұйымдастырды. Бөлім тақырыпқа сай безендіріліп, қазақ әндері тақырыбына кітап көрмесі дайындалды. Қала тұрғындары мен қонақтары ән қанатында тербеліп, ерекше көңіл-күйге бөленді. Бөлімнің қызметкері Гаухар Абишева ұйғыр биін билесе, аталған бөлімге қонақ ретінде келген қалалық Оқушылар сарайы бейнелеу өнерінің оқытушысы Жанар Самарбаева келіп, сурет салу өнерінің қыр-сырымен таныстырды.

Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде «АГУ Тарлан» колледжінің актёрлік бөлімінің оқытушысы Сержан

Баймұратовтың режиссерлігімен А и Д к - 3 0 1 т о б ы н ы ң студенттері қ о й ғ а н М. Ә у е з о в т і ң « А б а й ж о л ы » р о м а н э п о п е я с ы н а н ү з і н д і « К і т а п х а н а



түнінің» сәнін келтірді. Сонымен бірге Алматы қаласынан келген қонақ, белгілі сиқыршы Камал Тәшенұлы мәдени шараға жиналғандарды тамаша сиқырларымен таң қалдырды.

Аталған шара барысында Жастар жылына орай кітапханаларды дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Үздік жас кітапханашы-2019» облыстық байқауы өтті. Байқауға Қобда, Мұғалжар, Ойыл, Шалқар, Ырғыз аудандарынан және екі облыстық, бір қалалық кітапханаларының жас мамандары қатысып, өздерінің бойындағы білімдері мен өнерлерін ортаға салды. Жеңімпаздар ақшалай және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Абонементтік камтамасыз ету бөлімшесінің ұйымдастыруымен әдеби марафон өткізілді. Марафонның арнайы қонағы журналист, блогер Сағдат Ордашева кітап

туралы әсерлі әңгімелерімен бөліссе, кітапхананың белсенді оқырмандары, «Самға» әдеби клубының жастары қазақ және орыс әдебиеті классиктерінің өлеңдерін мәнерлеп жатқа



оқыды. Кітапхана оқырмандары Әліби Қамбаров Махамбеттің күйлерін, Досжан Тельман, Бауыржан Нұрлыбай қазақ әндерін орындаса, Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ

студенттері Тұрсын Шынарбек, Айболат Көшкінбайдың қатысуымен айтыс өткізілді.

Ақпараттық-библиографиялық бөлімнің ұйымдастыруымен оқырмандарға интеллектуалдық аянда викториналық ойындар өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар берілді. Бөлім қызметкерлері танымал мультфильмнің кейіпкерлерін сомдап, кітапханаға келушілерге ерекше әсер қалдырды. Ал, мерзімді басылымдар бөлімшесінде журналдардан дайындалған адам бейнесі бейнеленген инсталляция және газет-журналдардың көрмесі жасақталды. Құжаттарды жинақтау және өңдеу бөлімі кітаптардан жазба жазылған және бейне жасалған инсталляциясын дайындады.

Америка бұрышында «Ғарыш әлеміне саяхат» атты тақырыптық қызықты ойын-сауық кеші ұйымдастырылды. Бөлім іші ғарыш әлемі тақырыбында безендіріліп, барлық келушілерге, балаларға арналған танымдық ойындар өткізіліп, «Звездные войны» атты фильм көрсетілді. Америка бұрышының еріктілер тобы ғаламшарларға бөлініп, кітап түніне келген қонақтарды өз ғаламшарларына шақырды.

Өлкетану бөлімі «Кітапхана түні» акциясына Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойына арналған кең көлемді

және жаңа әдебиеттердің кітап көрмесін, «Сенің сыйлығың - Тосынсый» викториналық ойынын ұйымдастырды. Жергілікті ақындар Бауыржан Құрманқұлов, Бауыржан Бабажанұлы, Бижан Қалмағамбетов Гүлімай Әбішқызы, айтыскер ақын Оралбай Каметия және ардагер журналист Идош Асқар оқырмандармен қауышып, мағыналы әңгіме-дүкеннің куәсі болды. «Кітапхананың ақын арулары» атты айдарда кітапхананың ақын қыздары Гүлімай Әбішқызы, Балагүл Арыстанбекқызы, Әсел Еркінқызының жыр-шумақтарынан шағын кітапшалар шығарылып, оқырмандарға ұсынылды. «Рухнама» шығармашылық жастар орталығының жас ақындары өлең-жырларын көпшілік қауымға тарту етті.

Коворкинг орталығында «Әдеби кафе» жергілікті ақындармен кездесу кеші өткізілді. Әдеби кешке қатысқан ақындар мен оқырмандар арасында ашық әңгіме орнады. Ақындар Бижан Қалмағамбетов, Нұрлыбек Қалауов және «Ақтөбе Жастары» еріктілер тобы қатысты. «Өнер тамған он саусақ – үзілмейтін ырысың» атты колөнер шеберлерінің көрмесі ұйымдастырылды.

Кітапхананың негізгі қорды сақтау бөлімінде «Күз сыйлаған көкөніс тағамдарын дайындау» атты түрлі тағамдар рецептілері жинақталған кітаптар көрмесі жасалды. Көрмені тамашалаған келушілер қызығушылық танытып, өздеріне қажетті рецептілерін алды.

Сонымен қатар «Кітапхана түні» шарасына арнайы дайындалған Тілек тақтасына бірнеше жүрекжарды тілектер мен жоғары баға қойылған пікірлер жазылды.

Кітапхана ісін дамыту, кәсіби ынтымақтастық құрылымдарда қоғаммен байланыс жасау, оқуды насихаттау және бос уақытты тиімді өткізуде жаңашылдыққа іздену мақсатында ұйымдастырылған «Кітапхана түні» шарасына барлығы 1000-нан астам адам қатысып, дәл осы күні жаңадан кітапханамызға 100 оқырман тіркелді. Әлеуметтік маңызы бар аталмыш шараға жергілікті және республикалық БАҚ өкілдері қатысты.

**Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.11. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32  
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

И.Каримов көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және  
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2019 ж., 144 бет, Алматы.